



Келісіді
«Ақтоғай ауданының білім беру
бөлімінің басшысы
О.А.Кунакова
2022 ж

Бекітілді
Шолақсор ЖОББМ директордың м.а.
Д.М.Жунусова
Пед. кеңесі хаттама № 1
1.09 2022 ж.

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру
бөлімінің «Шолақсор жалпы орта білім беру мектебі» коммуналды
мемлекеттік мекемесінің
2022-2023 оқу жылының
жұмыс жоспары**

1
2
3
4

Шолақсор ауылы

Мазмұны.

	Оқу жылы басындағы мектеп туралы ақпараттық анықтама (мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжымның сапасы, оқушылар құрамы, мектептің оқу-материалдық базасы, жылдың үздік жетістіктері және т.б.)	
	Өткен оқу жылына мектеп қызметінің жетістіктерін талдау (жылдық жұмыс жоспарында логикалық бірізділіктің болуы, әлді, әлсіз жақтарды көрсету, ол бойынша жаңа оқу жылына мектеп мәселелерін, тақырып, мақсат, міндеттерді анықтау).	
№ 1 бөлім	Білім беру туралы мемлекеттік нормативтік құжаттарының орындалуына бағытталған мектептің жұмысын ұйымдастыру:	
	1.1 ҚР білім туралы заңының орындалуы жалпы орта біліммен қамту;	
	1.2 «ҚР Тіл туралы» Заңының орындалуы;	
	1.3 Мемлекеттік ақпараттандыру бағдарламасының орындалуы;	
	1.4 СӨС бағдарламасының орындалуы;	
	1.5 Оқу -тәрбие жүйесінде қауіпсіздік ережелерін қамтамасыз ету;	
	1.6 Мектептегі жалпы оқу орындалуы бойынша қызметті ұйымдастыру	
№ 2-бөлім	Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін көтеру, аттаестация, мектептік әдістемелік жұмысы, мектептің инновациялық қызметі.	
	2.1 Біліктілік көтеру;	
	2.2 Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау;	
	2.3 Мектептің инновациялық қызметі	
	2.4 Жас мамандармен жұмыс:	
	2.5 Мектептің әдістемелік жұмысы;	
	2.6 Әдістемелік кеңестер, семинарлар;	
	2.7 Әдістемелік бірлестіктермен жұмыс	
	2.8 Педагогикалық қызметкерлерді диагностикалау	
№ 3-бөлім	Білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын орындауға, мектеппен жүзеге асырылатын мектептің білім беру қызметін жетілдіруге бағытталған оқу-тәрбие жүйесін ұйымдастыру.	
	3.1 Мектептің оқу-жұмыс жоспары және оның әдістемелік қамтылуы (түсінік хат);	
	3.2 Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар;	
	3.3 Балалардың дарындылығын арттыру жұмыстары;	
	3.4 ББЖМ-ға дайындық және көшіру мен қорытынды емтихандары;	
	3.5 «Үздіктер» мен» оқу екпінділері» резервтермен жұмыс;	
	3.6 Үлгермеушілікті жою бойынша жұмыс;	
	3.7 Мектептің бастауыш және орта буын мектеп пен даярлық топ арасында сабақтастықты ұйымдастыру.	
	3.8 Оқушылардың табысты оқу қызметін ынталандыру бойынша жұмыс.	
№ 4-бөлім	Оқу тәрбие жүйесінде психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру:	
№ 5-бөлім	Мектеп оқушыларымен, ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру:	
	5.1 Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жұмыс;	
	5.2 Тәрбие жұмысы:	
	5.3 Ата- аналар университетінің жұмысы	
	5.4 Мектеп кітапханасымен жұмыс;	
	5.5. Аға тәлімгердің жұмысы	
№ 6-бөлім	Басқару және бақылау:	
	6.1 Қамқоршылық кеңесі	
	6.2 Педагогикалық кеңестер (отырыс бойынша тақырыптық және жұмыс) ;	
	6.3 Директор алдындағы отырыс (9 отырыс – айына 1 рет);	

	6.4 Әдістемелік нұсқаулық отырысы (9 отырыс, айына 1 рет); 6.5 Әдістемелік кеңес; 6.6 Мектепшілік бақылау (кезең бойынша мектепшілік бақылау)	
№ 7- бөлім	Оқу-материалдық- техникалық базаны нығайту: 7.1 Кабинеттің дамуы (паспорт дайындау және өткізу) және оқу лабораториясы; 7.2 Мектеп ауласы мен мектепалды алаңдарының дамуы; 7.3 Жөндеу және құрылыс жұмыстары	

Мектеп туралы ақпараттық анықтама

Мектеп әкімшілігі	Директордың м.а: Жунусова Д.М Мамандығы: ағылшын тілі мұғалімі Санаты: педагог-сарапшы Мадақтаулар: аудан әкімінен алғыс хат, 2019ж Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Кусаинова Динара Қуанышевна Мамандығы: информатика пәні мұғалімі Санаты: II Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а. Жекенова Майжан Каириденовна Мамандығы: биология пәні мұғалімі Санаты: I																																							
Мекен- жайы	Индекс: 140212 Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Шолақсор ауылы. Болашақ көшесі 6 Телефон: 29-240																																							
Электрондық адрес	sholaksor.22@mail.kz																																							
Лицензия	№KZ89LAA00006747 тіркелген күні: 01.04.2016ж																																							
Мектептің меджұмысшысы	Тулепбергенова Гульфия Халеловна																																							
Кітапханашы	Мухамеджарова Толкын Балгабаевна																																							
Мектептің жұмыс ережесі	Таңертеңгі жаттығу 7.45 Сабақтың басталуы 8.00 1 сабақ 8. 00– 8.45 2 сабақ 8.50 –9.35 3 сабақ 09.50 – 10.35 4 сабақ 10.40 – 11.25 5 сабақ 11.40 – 12.25 6 сабақ 12.30 – 13.15 7 сабақ 13. 20 – 14.05																																							
Педагогикалық ұжымның саны	барлығы– 26 мұғалім, оның ішінде 1 - 4 сынып – 5, 5 - 11 сынып –13, дене шынықтыру және технология – 4, мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі-1, психолог-1, шағын орталық тәрбиешілері-2 - педагог-зерттеуші – 3 (11,5%) - педагог-эксперт – 5 (19,2%) - педагог-модератор – 3 (11,5%) жоғары білімді –24 адам (92,3%) - орта білімді – 2 (7,6%) - бірінші санатты – 2 (7,6%) - екінші санатты – 2 (7,6%) - санаты жоқ– 10 (38,4%)																																							
Сынып саны, оқушы саны	<table><tr><th>Сынып</th><th>барлығы</th><th>Оқушылар саны</th><th>Қазақша білім беретін сынып</th><th>Орысша білім беретін сынып</th></tr><tr><td>0</td><td>1</td><td>8</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>1</td><td>1</td><td>7</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>2</td><td>1</td><td>8</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>2Б</td><td>1</td><td>1</td><td></td><td>1</td></tr><tr><td>3</td><td>1</td><td>3</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>4</td><td>1</td><td>4</td><td>1</td><td></td></tr></table>					Сынып	барлығы	Оқушылар саны	Қазақша білім беретін сынып	Орысша білім беретін сынып	0	1	8	1		1	1	7	1		2	1	8	1		2Б	1	1		1	3	1	3	1		4	1	4	1	
Сынып	барлығы	Оқушылар саны	Қазақша білім беретін сынып	Орысша білім беретін сынып																																				
0	1	8	1																																					
1	1	7	1																																					
2	1	8	1																																					
2Б	1	1		1																																				
3	1	3	1																																					
4	1	4	1																																					

	<table><tr><td>5</td><td>1</td><td>4</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>6</td><td>1</td><td>3</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>7</td><td>1</td><td>3</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>8</td><td>1</td><td>5</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>9</td><td>1</td><td>4</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>10</td><td>1</td><td>3</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>11</td><td>1</td><td>5</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>Итого</td><td>13</td><td>58</td><td>12</td><td>1</td></tr></table>	5	1	4	1		6	1	3	1		7	1	3	1		8	1	5	1		9	1	4	1		10	1	3	1		11	1	5	1		Итого	13	58	12	1
5	1	4	1																																						
6	1	3	1																																						
7	1	3	1																																						
8	1	5	1																																						
9	1	4	1																																						
10	1	3	1																																						
11	1	5	1																																						
Итого	13	58	12	1																																					
	Барлығы 13 шағын комплектілі сынып, онда оқушы саны - 58																																								
Оқушылардың ұлттық құрамы	Ұлты қазақ – 47 бала Ұлты орыс –1 бала Ұлты ұйғыр – 2 бала 1-4 сыныптар (23 бала) Ұлты қазақ – 20 бала Ұлты орыс – 1 бала Ұлты ұйғыр – 2 бала 5-9 сыныптар (27 бала) Ұлты қазақ – 27 бала 10-11 сыныптар (8 бала) Ұлты қазақ - 8																																								
Мектепке дейінгі тәрбие	Шағын орталықта 2-5 жас аралығындағы 16 бала тәрбиеленеді Қазақ тілді білім алатын даярлық сыныбында –8 оқушы																																								
9 –сынып бітіруші түлектер	5 оқушы қазақ тілді білім алатын сынып, Оның ішінде. колледжде-2 мектепте – 3																																								
Мектептегі оқушылардың білім сапасы мен оқу үлгерімінің нәтижесі (3жылғы)	<table><tr><td>жылдар</td><td>барлығы</td><td>Үздіктер мен екпінділер</td><td>% сапа</td></tr><tr><td>2019-2020</td><td>54</td><td>41</td><td>75,9%</td></tr><tr><td>2020-2021</td><td>45</td><td>35</td><td>71,1%</td></tr><tr><td>2021-2022</td><td>41</td><td>32</td><td>78,05%</td></tr></table>	жылдар	барлығы	Үздіктер мен екпінділер	% сапа	2019-2020	54	41	75,9%	2020-2021	45	35	71,1%	2021-2022	41	32	78,05%																								
жылдар	барлығы	Үздіктер мен екпінділер	% сапа																																						
2019-2020	54	41	75,9%																																						
2020-2021	45	35	71,1%																																						
2021-2022	41	32	78,05%																																						
Оқушыларды тегін тамақтандыру	Барлығы тегін тамақтандырылумен қамтылған оқушы саны – 23 Оның 1-4 сынып оқушылары – 23																																								
Үйірмелер	Үйірме және секция саны: Қызығушылық бойынша-3 Спорттық секция-4 Жалпы: 7 үйірме /50 оқушы																																								
Жылдың үздік жетістіктері (оқушылар)	5 мектеп бітіруші 9 сынып оқушыларының екеуі колледжге түсті, 11 сынып оқушысы грант бойынша жоғары оқу орнында білім алады. Оқушылар жыл бойы түрлі деңгейдегі қашықтық конкурстарда жүлделі орындар иеленді. Аудандық «Шаңырақ» жобасы бойынша «Киіз үй fest-2022» байқауында мектебіміз оқушылары басты жүлде грант-при ұтып алды.																																								
Мектептің оқу материалдық базасы	Паспортталған кабинет саны -13 Барлық кітап саны- 7216 Оқулық саны- 805 Жаңа буын оқулықтар саны-92 Оқырмандар саны-80																																								

Шолақсор орта мектебі жұмысының 2021-2022 оқу жылына ТАЛДАУЫ

2021-2022 оқу жылында педагогикалық ұжым өз жұмысын "ҚР Білім туралы" Заңына, "Тіл туралы" Заңына, «2021-2022 оқу жылында Қазақстан республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына, ҚР Конституциясына, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына, мектеп Жарғысына, мектепшілік бұйрықтарына сәйкес жүргізді. Жаңа оқу жылына арналған мектепшілік жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме мен секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарды. Мектептің жұмысы оқыту және тәрбиелеу үдерістерінің бірігуі, жаңа технологияларды енгізу және кеңейту, білім жүйесін жүйелеу, мектептің оқу-материалдық базасын нығайту негізінде білім беру сапасын арттыруға бағытталады.

2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес педагогикалық ұжым келесі мақсаттар мен міндеттер қойды:

Мақсаты: білім беру кеңістігі жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Міндеттер:

1. Ынтымақтастық педагогикасы технологиясын енгізу арқылы білім беру мазмұнын жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
2. Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтардың тәжірибесін жинақтауға және таратуға ықпал ету;
3. Әдістемелік қызметтің әртүрлі нысандары арқылы қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, білім алушылардың практикалық тапсырмаларды шешу үшін нақты өмірде меңгерген білімін, іскерлігін және іс-әрекет тәсілдерін қолдануға дайындығын дамыту;
5. Мектептің дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының сапасын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау арқылы оқушылардың денсаулығын сақтау;
6. Оқушылардың танымдық іс-әрекетке тұрақты мотивациясын қалыптастыру;
7. Пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстың түрлі формалары арқылы оқушылардың танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;
8. Білім беру процесінде АКТ пайдалану аймағын кеңейту, педагогтармен және ата-аналармен өзара әрекеттестікте және ынтымақтастықта қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану.

Қойылған міндеттер келесі қызметтер арқылы шешіледі:

- а) педагогикалық ұжымның әдістемелік қызметі және ӘБ жұмысы;
- б) оқу қызметі;
- в) білім сапасының мониторингі, білім мен оқу жетістіктерін аралық және қорытынды мемлекеттік бақылау;
- г) педагогикалық кадрлармен жұмыс;
- д) медициналық-психологиялық қызмет арқылы.

Жалпы оқытуды жүзеге асыру бойынша мектеп қызметін ұйымдастыру.

Мақсаты: мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтуды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын іске асыру мақсатында жарты жылда 1 рет мектеп жасындағы балаларды есепке алу бойынша шағын ауданды аралау жүзеге асырылады, бұл жалпыға бірдей білім берудің ең маңызды міндеттерінің бірін орындауға мүмкіндік береді – оқытуға жататын барлық балаларға, мектептерге бару. Үй-үйді аралау жүргізілді, 0-18 жас аралығындағы балалардың тізімі жасалды. Барлық 100% оқушы оқумен қамтылған.

2021-2022 оқу жылының басында мектепте 51 оқушы, 2021-2022 оқу жылының соңында 50 оқушы білім алды.

Оқыту сатылары бойынша:

§ 1-4 сынып-22, 5 сынып-комплект;

§ 5-11 сынып-28, 7 сынып-комплект;

2021-2022 оқу жылында мектепте барлығы 12 сынып-комплект.

9 сыныптың 2 оқушысы колледжге түсті, 3 оқушы орта мектепті жалғастырды.

Жыл бойы "қамқорлық" акциясы өткізіліп, аз қамтылған және көп балалы отбасыларының оқушыларына көмек көрсетілді. «Мектепке жол» акциясы аясында жалпы оқу қорынан 1 сынып оқушысы Наван Нұрасылға мектеп сөмкесі табысталды. Демеушілік танытып кеңсе тауарлары алынды. Кеңсе тауарларын аз қамтылған және көп балалы отбасыларға таратылды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жыл бойы оқушылардың сабаққа қатысу есебін жүргізді.

«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңының іске асырылуы

Мақсаты: "Тілдерді дамыту" бағдарламасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру»

Мектепте ағылшын тілі – 1, орыс тілі – 1, қазақ тілі-1 кабинеттері жұмыс істейді.

Паспортталған кабинеттер – ағылшын тілі-1, қазақ тілі-1, орыс тілі-1.

Шолақсор орта мектебінде 26 мұғалім жұмыс істейді, соның ішінде 5 - тіл пәні мұғалімдері.

Мектепте мемлекеттік тілге көп көңіл бөлінеді. Тамыз-қыркүйек айларында дәстүрлі «Тілдер айлығы» шарасы өткізілді. Шараға бастауыш сыныптан 9-сыныпқа дейінгі аралықта барлық сыныптар белсене атсалысты. Шара барысында түрлі ойындар, жарыстар, оқулар өткізіліп есебі берілді.

Іс жүргізу екі тілде жүргізіледі. Азаматтардың бұйрықтары, қаулылары, хаттамалары, өтініштері және т. б. қазақ және орыс тілдерінде ресімделеді.

"Оқу – тәрбие үдерісін ақпараттандыру" бағдарламасын орындау.

Мектеп міндеттерінің бірі білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және АКТ белсенді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру болып табылады. Жұмыстың негізгі бағыттары: оқу-тәрбие процесінің материалдық-техникалық және ресурстық базасын жетілдіру, инновациялық технологияларды меңгеру арқылы педагогикалық шеберлікті арттыру, мектепте оқу-әдістемелік үдерісті басқаруға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, оқу-тәрбие процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу.

Оқу-тәрбие процесінің материалдық-техникалық және ресурстық базасы

Мектептің компьютерлік паркі 11+1 (әкімшілік) компьютерлер, оның ішінде:

- 1 компьютерлік сынып
- 1 мультимедиялық кабинет;
- әкімшілік компьютерлер (Қабылдау бөлмесі-1)

Мектеп интерактивті жабдықтармен жабдықталған:

- 6 интерактивті тақта бар (қазақ тілі – 1, химия – 1, информатика – 1, ағылшын тілі – 1, бастауыш сынып-1, акт залы-1); бір компьютерге мектеп оқушыларының барлық контингентіне қатысты 2 оқушыдан келеді.

Мектепте ақпараттық технологиялар саласында мұғалімдердің біліктілігін арттыруға тиісті көңіл бөлінеді.

Пайдаланушылық шеберлік деңгейін анықтау бойынша педагогтарға сауалнама жүргізілді. (Экспресс-диагностика) сұралған 19 мұғалімнің ішінде:

- 100% Өте жақсы және жақсы MSWORD мәтіндік редакторында жұмыс істей алады
- Мұғалімдердің 73% Excel бағдарламаларын меңгерген
- 89% PowerPoint мұғалімдері
- Мұғалімдердің 100% Интернетті пайдалана алады;
- 52 % ActivStudio бағдарламасына ие;
- 35% компьютерді кәсіби деңгейде меңгерген (бағдарламаларды орната алады, әр түрлі дизайнерлік бағдарламаларды меңгерген);
- Мұғалімдердің 81% - ы сабақтарда интерактивті жабдықтарды жүйелі түрде пайдаланады;
- 100% - да үйде компьютерлер бар, олардың 100% - ы үйде Интернетке қол жеткізе алады.

Интерактивті жабдықтарды пайдалануды талдау көрсеткендей, орташа алғанда бір айда 78 – ге жуық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізіледі, 2021-2022 оқу жылының қыркүйек-наурыз айларында интерактивті тақта мен компьютерлерді қолдану арқылы 635 сабақ өткізілді. Электронды оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолданып сабақтар өткізді.

Мектеп педагогтары қашықтықтан өтетін конкурстарға, олимпиадаларға қатысты, авторлық бағдарламаларды, интернет арқылы түрлі сайттарда сабақтар жариялайды. Білім сайттары

«Bilimlend», «Imektep», «Itest» -қа кіріп, сабақ барысында оқушылардың қосымша білім алуларына, білімдерінің шыңдалуына жағдай жасап отырды.

Мектептің Instagram, Facebook парақшалары жұмыс істеді, онда мектеп, мұғалімдер туралы ақпарат, мектеп өмірінің жаңалықтары, өткізілген іс-шаралар орналастырылды. Мектептің ақпараттық кеңістігінің қатысушылары тек мұғалімдер мен оқушылар ғана емес, ата-аналар да. Мектеп сайтында педагогикалық және оқушылар ұжымы қызметінің негізгі бағыттары туралы материалдар орналастырылып, оқушылар мен ата-аналар үшін ақпарат ұсынылды.

Шолақсор жалпы орта білім беру мектебінің тәрбие жоспары бойынша жылдық есебі

Шолақсор орта мектебінің тәрбие жоспары қыркүйек айында қаралып, бекітілді. Жоспарға сай әр ай сайын мектепшілік іс-шаралар жоспары шығарылып отырады. Сол жоспар бойынша жауаптылар оқушылармен іс-шараларын өткізеді. Әр іс-шара инстаграм, фейзбук парақшаларына жарияланады.

1 қыркүйек күні облыстық «Менің туым» жобасы аясында мемлекеттік туды көтеру рәсімі жасалды. 1-11 сынып оқушыларына «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Желтоқсан айында оқушылар «Менің туым» акциясына қатысты. 1-сынып оқушыларына жылдағы дәстүрмен алғашқы қонырау соғылып және Ахмет Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» оқулықтары оқушыларға салтанатты түрде табысталды.

Әріптестермен ҚР-ның президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауын көріп, талқыланды.

«Мектепке жол» акциясы аясында жалпы оқу қорынан 1 сынып оқушысы Наван Нұрасылға мектеп сөмкесі табысталды. Демеушілік танытып кеңсе тауарлары алынды. Кеңсе тауарларын аз қамтылған және көп балалы отбасыларға таратылды.

Тәрбие жоспары бойынша мектептің психолог маманы Сабирова С.С. «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында тренинг пен 1 сынып оқушыларынан «Мектеп оқу қабілетін зерттеу» тақырыбында тест алды. Мектеп психолог маманы Сабирова С.С. 8 сынып оқушыларына Парасаттылық сағатын, «Мейірімділік - асыл қасиет» тренинг, 7 сынып оқушыларына «Социометрия әдісін» қолданды. 5 сынып оқушыларына «Социометрия әдісін» қолдану арқылы «мен және менің сыныбым» атты тренинг өткізді. 1 сынып ата-аналарымен «Баланы мектепке оқытуға бейімдеу» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. 1 сынып оқушыларына «Мектеп өмірінің ережесі» бейімдеу сабағы, 5 сынып оқушыларына «Күлте» әдістемесін жүргізді, «Әлептілік әлеміне саяхат» тренингтері өтті. 4,9 сынып оқушыларынан стреске төзімлігін анықтау Ховарст тесті алды. 17 қыркүйек күні Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы өтті.

«Ізденіс және тәрбие» жобасы негізінде бастауыш сынып оқушыларына интеллектуалды ойындар өткізілді.

Мектепшілік отбасы күні бойынша жоспар жасалынды. Жоспарға сай «Менің отбасым» суреттер сайысы, эстафеталық ойын, «Мен және отбасым» фотоколлаж байқауы өтті.

14 қыркүйек күні «Живет душа в традициях» аудандық көрмеге өз туындымызды жолдап қатыстық.

Ұстаздар күні бойынша жоспар жасалды. Жоспар бойынша оқушылар ұстаздарын құттықтау бейнероликтерін жасады, «Ұстаз ол ...» челлендж, «Ұстазыңды құттықта» акциясы, «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» сынып сағаты, мектеп түлектері ұстаздарына бейнероликтерін ұсынды.

Қарттар күніне орай «Менің сүйікті атам мен әжем» фотосурет көрмесі, «Қарттарды аялайық» сынып сағаты, қарттар күнімен оқушылар бейнебаяндарымен құттықтады. Мектеп оқушылары ауылымыдың қарттарына барып көмектесіп, құттықтап қайтты. Би шашу жасады, Мектепте 8 қазан күні 1-11 сынып оқушылар арасында «Алтын күз» мерекесі аталып өтті. Барлық оқушылардың өнері, қолөнерлері инстаграм парақшасына жүктелді.

Мектебімізде үйірме, спорттық секция жұмысы. Мектебіміз бойынша жалпы 4 ақылы үйірме ұйымдастырылған. Олар «Асық ату», «Жас шахматшы», «Salt.kz», «Еріктілер» атты үйірмелері. Жалпы 2 ақылы спорт секциясы бар. Олар волейбол (ұлдар, қыздар), теннис. Мектепте ақысыз үйірмелер де жұмыс жасайды. Оларға «Кітапхана достары», «Коспьютер еліне саяхат», «Мамандық таңдау», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Жас турист» үйірмелері. Аталған үйірмелердің жоспары бекітілген, мақсат, міндеттері бар, оқушылардың тізімі құрылған. Қыркүйек айында үйірме, спорт секциясының кестесі құрылып бекітілді. Барлық іс-шаралар уақытылы, спалы түрде өтеді. Үйірме жетекшілері айлық, жартыжылдық, жылдық есептерін жазып отырады. Каникул уақытында жоспар бойынша үйірмелер жұмыс жасайды. Оқушылардың бос уақыты қамтамасыз етілген.

Тәрбие жоспары бойынша Даярлық тобының оқушыларына, «Ақбота» шағын орталығының бүлдіршіндеріне «Қолымызды көңілді жуайық» тақырыбында ойын, түсіндірме сабақ өтті. 7 қазан күні «Ақбота» шағын орталығының бүлдіршіндерінің «Алтын күз» ертеңгілігі өтті. «Ақбота» шағын орталығының бүлдіршіндері «Ертегілер елінде» сабағы барысында «Шалқан» ертегісін сахналауды үйренуде, оқу қызметі мақсатында сабақ өтті, «Ертегілер еліне саяхат» жасау сабағы, «Елін сүйген Елбасы» сынып сағаты, желтоқсан айында бүлдіршіндер «Менің

туым» акциясына қатысты, «Тәуелсіз ел- Қазақстан» сынып сағаты, бүлдіршіндер «Біз – Қазақстанның болашағымыз» атты челленджге қатысты, бүлдіршіндер «Ақыл ой ойындары: сол және оң мидың жұмысы» атты ойын ойнады, «Көңілді геометриялық пішіндер» ойыны, «1-наурыз Алғыс айту күні» тақырыбында өз алғыстарын білдірді, «Бақытты бала» қолөнер жобасына қатысты, «Әлемде көктем бүгіннен басталады» атты құттықтау бейнероликтерін жасады. «8-наурыз» ертеңгілігі өтті. Ертеңгілікте қыздар «Гүлдер би», ұлдар «Аналарға көмек би» билерін билеп, «Маша мен аюды тамақтандыр» ойының ойнады, «Құрастырғыштарды түстер бойынша орналастыр» ойыны, 22 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік өтті. «Көңілді домино» ойыны, бүлдіршіндерге өзін-өзі күту дағдыларына негізделген тырнақтарды қыюды үйрену ойының ойнады. 1 мамыр-Қазақстан хлқының бірлігі күніне арналған «Достығымыз жарасқан» тәрбие сағаты өтті. Отан қорғаушылар күнімен ата мен әкелерін құттықтады. Бүлдіршіндерге «Қауіпсіз терезе» акциясы аясында, бала жарақатын алдын алу бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Облыстық Экобоот жобасы аясында «Болашақ» акциясы негізінде 1 сынып оқушылары ата-анасымен мектеп ауласының маңына ағаш орнатты. «Энергия және су болашақ үшін» акциясы ұйымдастырылды. «Қолданылған батареялар мен ПВХ өнімдерін жою» акциясы 1-4 сынып оқушылар арасында бастау алды.

Қаңтар-ақпан айларында «Жақсылық жаса» пластикалық қалпақшаларды жинау акциясы аталып өтті. Барлық оқушылардың жинаған қалпақшалар саны-436 дана болды. 5л пластикалық бөтелкеге қалпақшаларды салып, сыртына мектептің аты жазылып ауданға тапсырылды. Сонымен қаңтар айында «Қалдықты кіріске айналдырамыз» акциясы өтті. Ақпан айында оқушылар «Құстарға арналған кафе» акциясына қатысып, мектеп ауласындағы ағашқа ілді. Ақпан, наурыз айларында Family day жобасы бастау алды. Жобаға қатысқан оқушылар - Төкей Аяжан, 4 сынып оқушысы-Канафина Айсана, 3 сынып оқушысы - Ерғали Кәусар, 1 сынып оқушысы- Елеукен Аяла, 5 сынып оқушысы – Мұхамеджан Меруерт, 7- сынып оқушысы-Қабылхамит Нұржігіт, 8 сынып оқушысы Канафина Саида.

Еріктілер жоспары бойынша «Жасқырандардың мектеп ауласын тазалау» акциясы, «Құтқарушылар күні» мерекесі аясында «Менің дабыл чемоданым» тақырыбында бейнеролик, күзгі демалыс жоспары аясында «Қозғалыс -өмір» челлендж өтті, «Адамға қуаныш сыйла» акциясы, «Менің қолымнан келеді» челленджге қатысты. «Сөз құдыреті» көнерген сөздерді жаңғырту акциясы, «Жанында жүр жақсы адам» акциясы өтті. 9,11 сынып оқушыларына «Қоғамдық тәртіп негіздері» атты дөңгелек үстел өтті. Еріктілер тобы «Қайырымдылық сенің жаныңда» әлеуметтік акциясын қолдап қарт ата-әжелеріміздің үйіне барып, көмек көрсетті. Мектеп ұжымы мен оқушылары сенбіліктерде, әр жұма күндері мектеп ауласын жинап, тазалау жұмыстарын жүргізді. Еріктілер тобы «Мейірімділік – татулықтың кепілі» челленджіне қатысып, гүлдерді суарып, күтіп баптады. Халықаралық Жер күніне орай «Эко CROSS» акциясы өткізілді. Мамыр айында еріктілер тобы «Ардагерлерге жәрдемдесу» акциясына қатысып, қарт ата-әжелеріміздің үйіне барып, көше ауласын тазалап берді. Мамыр айында «Біз бірдейміз» акциясы бастау алды. «Қолдан жасалған эко – сөмкелер» облыстық акциясына 7 сынып оқушылары өз қолымен сөмке жасап қатысты.

«Салауатты өмір салтын сақтау» жоспары бойынша өткен іс-шаралар.

АИТВ алдын алу апталығы бойынша «Тұмау туралы не білу керек?», «Тұмау таралы не білесін», «Вакциналау – сіздің денсаулығыңызға құқығыңыз!» дәріс, «Тұмаудың алдын алу 2021» эссе, мектеп ұжымына «Ересектерді иммундау-қоғам үшін экономикалық пайдалы» тақырыбында денсаулықты сақтау және нығайту мәселелерінде шекара деңгейін арттыру үшін дәріс оқыды, «Тұмау және ЖРВИ маусымында дұрыс тамақтанудың маңызы» ата-аналар жиналысы, медбике Жекина Ж.К. 5-11 сынып аралығында «АИТВ жұрпасы мәселелері және олардың алдын алу» сынып сағаты, «Болашақ өз қолымызда» психологиялық тренинг өтті.

«АҚТБ/ ЖҚТБ» айлығы бойынша Аға тәлімгер медбикенің қатысуымен «АҚТБ/ ЖҚТБ- ғасыр дерті» тақырыбында дөңгелек үстел, «АИТВ/ЖҚТБ-ғасыр дерті» тақырыбында ақпараттық стенд жасалды, мектеп оқушыларынан АИТВ/ЖҚТБ туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында сауалнама алынды, «АИТВ және ЖҚТБ жұрпалы аурулардың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел, «Біз АИТВ және ЖҚТБ- ға қарсымыз» суреттер байқауы, «Біз өмірді тандаймыз» челленджге қатысты. Мектеп медбикесі 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне арналған «Денсаулықты баптаймыз, өмірімізді сақтаймыз» тақырыбында отырыс жасап, түсіндірме жұмысын жүргізді. СӨС сақтау бойынша мектеп оқушылары таңғы жаттығулар жасайды.

Еуропалық иммундау апталығы аясында «Екпенің пайдасы мен зияны» атты сауалнама алынды. Еуропалық иммундау апталығы жоспарына сай ауылдық амбулаторлық пункт медбикесі Тулепбергенова Г.Х. мен мектеп медбикесі Жекина Ж.К. «ҚР профилактикалық екпе егу ұлттық күнтізбесіндегі екпелердің маңызы» тақырыбында 7-10 сынып оқушыларына дәріс сабағын өткізді.

«Вейп денсаулыққа өте қауіпті» апталығы бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, «Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» сынып сағаты, «Электронды темекінің зардабы» тақырыбында сынып сағаты өтті. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойының маңыздылығын және Қазақстан тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіздік мемлекеттің қалыптасуы мақсатында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарына еңбек ардагерлері, кітапханашы, тарих пәнінің мұғалімдері қонақ ретінде қатысты. «Біз темекіге қарсымыз!» акциясы аясында «Темекінің зияны» тақырыбында диктант жазды.

Тәрбие жоспары бойынша мектеп кітапханашысы атқарған жұмыстары. Мұхаметжарова Т.Б. «Саин Мұратбековтың туғанына 85 жыл» көрме, «Вакциналау- ең үздік қорғаныс » суреттер конкурсы, ұстаздар мен оқушыларға арнап «Букросинг» бұрышын жасады, «Қолөнер зор өнер» көрме, «Экология-табиғат жүрегі» көрме, «Кітапты қолдану ережесі» кітапханалық сағат, «Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» көрме, «Көп ұлттың татулығы-бірлікте» көрмелері ұйымдастырылды, «Кітап біздің досымыз» қызықты кітаптар оқуды ұйымдастырды.

Тәрбие жоспары бойынша тарих пәнінің мұғалімдерінің өткізген іс-шаралары. Досмағамбетова М.Б. «Тарих тағылымы» тақырыбында тарих сағатын өткізді, Тарих пәнінің мұғалімі Рахимжанова К.Ж. 10-11 сынып оқушылар арасында Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың 75 жылдығына орай «Жүзден жүйрік» космеквестін өткізді. Тарих мұғалімдері «Тарихқа тағзым күні» дөңгелек үстел отырысын өткізді. «Кітап әлеміне кіретін сиқырлы есік» атты іс-шара өткізді. «Тарихи романдар» және «Қазақ қаламгерлері» тақырыбында облыстық акцияға оқушылар белсене қатысты. І. Есенберлин, М.Мағауин, Ә. Кекілбаев, Ә. Әлімжанов сынды тұлғалардың өмірімен, еңбектерін зерттеп, таныстырды. «Тарих мұрасы» атты презентация көрмесін өткізді.

Тарих пәнінің мұғалімдері "31 мамыр қуғын сүргін құрбандарын еске алу" күніне тарихи кеш өтті. **Жас Ұлан мен Жас Қыран** жоспары бойынша Аға тәлімгер Жас Ұлан ұйымының мүшелерімен кезекті отырыс өткізді, оқушылар облыстық «Шанс» акциясына қатысты, Тәлімгерге арналған «Бастау онлайн мектебі», «Салауатты activity» жобасы аясында Жас Ұландарға арналған спорттық эстафета өтті. Аға тәлімгер Жас Ұлан мүшелеріне «тәуелсіздік Ұландары» интеллектуалдық ойын, мектепішілік «Президент сайлауы» өтті, «Рухани адамгершілік тәрбие қоғамның төзімділігінің негізі» дөңгелек үстел, «Біз – Қазақстанның болашағымыз» атты челленджге қатысты, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті, біріккен күндер күнтізбесі «Жеті жарғы» бойынша 8-11 сыныптармен «Своя игра» интеллектуалдық ойыны, «Ұшқыр ой аланы » мектебімізде тәрбие жоспарына сәйкес дебат-пікірталас ойына қолға алынып, мектеп ішінде 8-9 сынып оқушылар арасында пікір – талас ойыны ұйымдастырылды, «Қысқы фотошашу» фотосессиясы , оқушылар мектебіміздегі «Атамұра» мұражайына саяхат жасады, Жас Ұландықтарға «Адамгершілік – асыл қасиет» атты тәрбие сағаты өтті. 29 наурыз күні 7-10 сынып арасында «Галамтордың пайдасы мен зияны» атты пікір сайыс өтті. Жас Ұлан мен Жас қыран оқушыларымыз Павлодар облысының ББЖҰ «Жас Ұлан» ұйымының «Жетістік.fm» көшбасшы семинарына қатысты. Мектебіміздің 1 сынып оқушыларына Жас Қыран ұйымының қатарына қабылданды. «Жеті қазына» облыстық жобасының салауат бағыты бойынша Жас қырандарға «Мен салауат жолындамын» спорттық эстафетасы өтті.

Шаңырақ жобасы аясында «Шеберлікке шек жоқ» тақырыбында 5-8 сынып оқушылар арасында Зоя апайдың қатысуымен шеберлік сағаты өтті, еңбек пәнінің мұғалімі Садыков Б.С. 5-8 сыныптың ер балаларымен «Шеберлікке шек жоқ» шеберлік сағатында үстел жасады, 9 сынып қыз балалары «Бауырсақ түрлерін білеміз бе?» шеберлік сағаты, «Қамшыны қалай өреді? Қамшы сыры» атты шеберлік сағаты, қыздарға «Шеберлікке шек жоқ» шеберлік сағатында құрақ көрмелер жасалды, ұлдарға «Шеберлікке шек жоқ» атты шеберлік сағаты.

Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша «Қазақ асханасының бірегей тағамдары» жобасы аясында 5-11 сынып оқушылар аралығында «Ұмыт бола бастаған тағамдар» атты викторина сайысы, «Мамандықты таңдау болашақты таңдау» дөңгелек үстел, «Дені саудың – жаны сау»

эстафеталық сайыс, мектепте «Атамұра» мұражайының салтанатты түрде ашылды. Наурыз айында мектепішілік «Асық ату» жарысы өтті. Сәуір айында 6-10 сынып оқушыларына мектепішілік Волейбол жарысы ұйымдастырылды. Оқушылар арасында «Арқан тартыс», «Көкпар», «Аударыспақ» атты қазақтың ұлттық ойындары ойнатылды. Еңбек пәнінің мұғалімі оқушыларға қыздар арасында «Ең іскер» атты аппликация жасаудан жарыс, ұлдар арасында «Ең шебер» қамшы өруден жарыстар өткізді.

Өткен сынып сағаттары: «Қазақстан- құқықтық мемлекет» ақпараттық сағат, «Қоқыссыз әлем», «Біз табиғатты қорғаймыз», «Не? Қайда? Қашан?» мамандық туралы викторинасы, «Теңге-ұлттық табыстың кепілі», «Толеранттылық ұлттық құндылық»,

Адал ұрпақ жоспары бойынша «Парасат сағаты» дәріс, «Адал және сатылмайтын еңбек» көрінісі бойынша суреттер салды, «Мемлекеттік қызметтерді алу» іскерлік ойын өтті. 2,4 сынып оқушыларына «Әдептілік-тәрбие бастауы» сынып сағаты, 5-11 сынып оқушыларына «Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды» атты сынып сағаты өтті.

«Аққу» қыздар клубы жоспары бойынша мүшеліктегі қыздарға тренинг, мектеп медбикесі Жекина Ж.К. «Темекі тартқаның, өзінді құртқаның» дәріс, «Бақытты отбасы құпиясы» тренинг, «Қыз тәрбиесі-ұл болашағы» атты дөңгелек үстел, клуб мүшелеріне «Болашақ ананың бейнесі» әдеби монтаж көрсетілімі болды. Мектеп медбикесі қыз балаларға «Жасөспірім арасында жүктілік» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізіліп, сауалнама алынды.

«Бала құқығы-Адам құқығы» айлығы аясында, құқықбұзушылықтың алдын алу жоспары бойынша «сенің құқықтарын мен міндеттерін» атты сауалнама, «Ата-аналар мен мектептің серіктестігі» ата-аналарға арналған құқықтық сағат, «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы-бақытты ел» ата-аналармен кездесу, «Бақытты балалық шақ» фотоконкурсы, «Балалар не туралы армандайды» бейне конкурс, «Әлем балалар көзімен» суреттер байқауы, «Бала Creative» көрмесі, «Кибербуллинг деген не?» сынып сағаты, «Интернет және Мен» атты тренинг, «Интернеттің пайдасы мен зияны» сауалнама, «Интернеттіг алаяқтық» тақырыбында кездесу іс-шаралары өтті.

«Ізденіс және тәрбие» жоспары негізінде «Salt.kz» үйірмесінің жетекшісі Кабдуали Ш. Оқушыларға «Ең әдемі киім-ұлттық киім» танымдық сағаты өтті.

Секция , үйірмелер жоспары бойынша күзгі каникул кезінде «Волейбол» жарысы өтті, «Болашақтың ұшқыр ойлы ұрпағы» шахмат турнирі, «Менің денсаулығым-менің болашағым» спорттық жарыс, «Болашақ Сарбаз» патриоттық ойындары ұйымдастырылып өткізілді. Қысқы демалыс уақытында мектепішілік «Волейбол» жарысы өтті. Сәуір айында 7-10 сыныптың ер балалары арасында «Үстел теннис» жарысы , «Жас шахмат» турнирі өтті. 22 наурыз мерекесіне орай «Арқан тартыс», «Қол күрес» ұлттық ойындары ұйымдастырылып, флешмоб билеп, іс-шара сонында қортытындысы шығып оқушылар марапатталып, сыйлықтар табысталды. 2022 жылғы 3-сәуірде XVIII жазғы спартакиада шеңберінде волейболдан ұлдар арасында өткізілген аудандық жарыста Шолақсор ОМ командасы 2 орынға ие болды.

«Қатыгездік және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» айлығы бойынша 5-6 сынып оқушыларына «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты, «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық видеоролик көрсетіліп, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, ауылымыздың участок инспекторы Ибраев Т.Т. онлайн форматта «Мектеп-қатыгердіксіз, зорлық зомбылықсыз аумақ» дәріс, «Қорлық зомбылықсыз балалық шақ» сауалнамалар алынды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Біз Қазақстанның патриотымыз» интеллектуалды турнир, «Көшбасшы өмірбаяны-ел тарихы» дөңгелек үстел, «Ардақты елім-Қазақстан» суреттер байқауы, «Біз Тәуелсіз елміз» , «Президент жолы», «Путь Президента», «Елбасы ел намысы, ел тірегі» , «Тәуелсіздік таңы» балалар жұмыстарының көрмесі, «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» тақырыбында диктант, «Отан» бағытында «Мен патриотпын» интеллектуалдық ойын, «Тәуелсіздік дәуірі» sketchbook жасалды, «Көк-байрағы желбіреген, Тәуелсіздік», «Тәуелсіздіктің 30 жетістігі», «Тәуелсіздікке 30 жыл», «Тәуелсіздік – ел тірегі», «30 лет Независимости и согласия РК» сынып сағаттары, оқушылар Тәуелсіздік күніне бейне құттықтаулар жасады, «Елімнің бақыты-Тәуелсіздік» мерекелік концерт өтті,

Мектепте Жаңа жыл әр сыныпта жеке-жеке өтті. Әр сыныптар мен мектеп іші меркеге байланысты безендірілді. Әр сынып өздерерінің өнерлерін көрсетіп, Аяз ата мен ақшақарға

дайындаған өлен, тақпақ шумақтырын, құттықтау тілектерін айтып тәтті сыйлықтарын алды. Әр сынып оқушылары сыйлықтарын алды.

Демеушіліктердің көмегімен алынған сыйлықтар аз қамтылған және көпбалалы отбасыларына табысталды.

Желтоқсан айында оқушыларға қысқы демалыс бойынша жоспар жасалды. Жоспар бойынша «Өз қолымнан жасаған сыйлық» акциясы, «Қауіпсіз демалыс» атты бейнероликтері көрсетілді, «Жаңа жыл отбасылық мереке» фото коллаж байқауы, «Жаңа жылмен құттықтаймыз, отбасылық тілек сыйлаймыз» құттықтау челленджі, «Жаңа жыл символдары» постерлер салынды, «Менің хоббиім» байқауы, «Жігерлі ұлт» ұлттық ойыны, «Қыс кереметі» суреттер байқауы,

Бала жарақаты бойынша «Абайлаңыз улы газ! Пештен жылыту қауіпсіздігі» тақырыбында бейнероликтер көрсетілді, қысқы қауіпсіздік ережесі бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, оқушыларға темір жол көлігі объектілеріндегі қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы буклеттер таратылып, сынып сағаттары өтті. Өндірістік жарақаттанудың алдын алудың бірыңғай күнінде ҚЕ инспекторы Садыков Б.С. мектеп ұжымымен кездесу өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Сақ болуды қажет ететін заттар» атты сынып сағаты, 1 сынып оқушыларына «Мен қауіпсіздік туралы білуім керек» атты сынып сағаты, 1-4 сынып оқушыларына «Жаман әдеттерге жол жоқ» сынып сағаты, 1-11 сынып оқушыларына «Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен терроризм актісін жасау қаупі туындаған кездегі білім алушылардың іс-қимылы» тақырыбында сынып сағаты, «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен» атты сынып сағаты, 5-6 сыныпқа «Өрт пен су қауіпсіздігі», 8 сыныпқа «Өрт қауіпсіздік ережелері», 7 сыныпқа «Қауіпсіздік ережелерін сақтайық» викториналық ойын, «Ғимараттардың, балкондардың және басқа да объектілердің шатырынан қардың мұздың түсуінен, көктайғақтан бала жарақаттануын алдын алу» бойынша түсіндірме түрде сынып сағаттары өтті. «Өзінді қорға» атты құқықтық бұрыш ұйымдастырылды. Даярлық топ оқушыларына «Қауіпсіз терезе» акциясы аясында, бала жарақатын алдын алу бойынша сынып сағаты өтті. Даярлық топ оқушылары мен «Ақбота» шағын орталығының бүлдіршіндеріне, мектеп оқушыларына «Қауіпсіз терезе» акциясы аясында, бала жарақатының алдын алу бойынша түсіндірме жұмысы мен сынып сағаттары өтті. 1-11 сынып оқушыларына «Жол көлік оқиғаларының себептері», «Көше мен ауладағы негізгі қағидалар», «Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері және олардың жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі» тақырыбында құқықтық сағаттар өткізілді.

Мектебімізде «Қауіпсіз интернет» онкүндігіне орай жоспар жасалды. Жоспар бойынша сынып сағаттары, сауланамалар, буклеттер жасалып, түсіндірме видеолар көрсетілді,

Шолақсор ОМ мектебінің ұстаздары ел президенті «Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті жолдауын» тыңдап, инстаграм парақшасында ұстаздарымен жолдау бойынша пікірлерімен бөлісті.

Сыбайлас пен жемқорлық жоспары бойынша «Біз жемқорлыққа қарсымыз» суреттер салды, «Жемқорлыққа жол жоқ» сынып сағаттары өтті. 5-11 сынып оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылып, оқушылар платкаттар салды. «Біз өмір сүретін әлем» тақырыбында отырыс өтті. «Сыбайлас жемқорлық және қоғам» тақырыбында оқушылармен дөңгелек үстел отырыс өтті.

Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығын тойлау жоспары бойынша «Тіл бөлімінің атасы» атты әдеби кеш, 4-11 сынып оқушылары арасында «Ахмет Байтұрсынов өлеңдері» челлендж, 8-11 сыныптарға ақынның шығармашылығымен танысу сағаты ұйымдастырылды. А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай ашық диктант жазды.

1-Наурыз алғыс айту күніне арналған жоспар бойынша «Алтын жүрек» құттықтау челленджі, «Бір Отан – бір отбасы» атты сынып сағаты, «1-наурыз – Алғыс айту күні» атты дөңгелек үстел, «Алғысымды айтамын» құттықтау видеоролик, мектеп оқушылары ардақты да аяулы ұстаздары мен апайларын 1- наурыз Алғыс айту күнімен құттықтады. Мерекелік концертте «Аяулы ана» әні шырқалып оқушылар өлең шумақтарымен құттықтауларын айтты.

8 - наурыз мерекесі бойынша жоспар құралды. Жоспарға сай «Ардақты менің анашым», «Асыл анам» тәрбие сағаты, «Мәңгілік көктемім-АНА» челленджі, оқушыларымыз аналарын «Әлемде көктем бүгіннен басталады» атты құттықтау бейнероликтерін жасады, оқушылар «Ана – өмір шуағы» атты поэзия сағаты ұйымдастырды, «Аяулы Анашым» суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылардың қатысуымен «Аяулы анашым» онлайн мерекелік концерт өтті.

Оқушыларға мектеп кітапханасында 8-наурызға арналған көрме ұйымдастырылды. «Данасын сен – Ана» буклеттер көрмесі өтті,

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Ебе» қоғамдық бірлестігінің «Ең әдемі киім-ұлттық киім» жобасын Шолақсор орта мектебінің оқушылары мен ұстаздары қолдап, наурыз айында ұлттық киімдерді киіп, нақыштады. Мектеп кітапханасында «Наурыз-жыл басы» көрмесі құрылды, «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» челленджі, «Қазақтың ұлттық тағамдарын дайындау» байқауы, «Салт дәстүрді білесін бе?» викториналық сұрақтар сайысы өтті. «Наурыз-құт береке бастауы», «Наурыз көже-ұлттық тағам» атты тәрбие сағаттары өтті, Аға тәлімгер «Наурыз-думан» викторинасын өткізді. Даярлық тобының оқушылары «Ұлттық стильде ашық хаттар» жасауға қатысты. «Ұлыстың ұлы күні» атты концерттік мереке өтті. Мерекеге Шолақсор ОМ барлық ұжымы қатысты. Наурыз мерекесіне орай оқушыларға мерекелік дастархан жайылды. «Жеңіс күні балалар көзімен» атты суреттер көрмесі құрылды. 1-4 сынып оқушыларына «мен өз Отанымның патриотымын» дөңгелек үстел өтті.

Мектепшілік ата-аналар жиналысы:

03 қыркүйек күні онлайн форматында ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- Мектеп формасында діни нышандағы киімдердің киілмеуі туралы ақпарат беру;
- 2020-2021 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы;
- Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетің сайлау, сақтау және нығайту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Мектеп бойынша ыстық тамақты ұйымдастыру.

28 қазан күні онлайн форматында ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- «Үштілділік заман талабы»;
- «Кітап-білім бұлағы»
- Күзгі демалыс кезінде оқушылардың қауіпсіздік ережелерімен таныстыру;

11 қараша онлайн форматында ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- «Жүрек жылуы» тренинг;
- 1 тоқсан бойынша оқу-тәрбие жүйесінің қорытындысы;
- «Абайла, мұз» ата-аналар арасында қауіпсіздік ережелерін сақтау түсіндірме ақпарат.

28 желтоқсан онлайн форматында ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- «Ата-ана – Бала тәрбиесінің айнасы» тренинг;
- Оқу-тәрбие жүйесінің I жартыжылдық бойынша қорытынды есебі;
- Жаңа жылдық мерекенің тойлану барысы;
- «Жаңа жылдық аттырғыш құралдарды қолданбау» туралы ата-аналар арасында қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.

20 қаңтар мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- «Бала тәрбиесінде ата-ананың өзін-өзі ұстауы, жауапкершілігі» семинар-тренинг;
- Тұмаудың алдын алу;

17 ақпан мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»;
- «Тәрбие отбасынан басталады» тренинг.

23 наурыз мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- «Балаңыздың бойынан жалқаулық қасиетін анықтау, оны жеңу жолдарын даму» дәріс;
- Көктемгі демалыстың ұйымдастырылуы;
- «Су тасқынынан сақтан», «Күл-қоқыстан сақтан» ата-аналар арасында қауіпсіздік ережелерін сақтау түсіндірме ақпарат.

12 мамыр мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- Жазғы балалар лагерінің ұйымдастырылуына көңіл бөлу;
- «Ең үздік сынып» байқауына қазылық ету, «Отбасы күні» мерекесіне қатысу.

1-11 сынып жетекшілер ата-аналар жиналысын өткізді. Жиналыста қаралған мәселелер: 1. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу. Оның ішінде оқушылардың мотоцикл, автокөлікпен жүруге тыйым салу, велосипедті дұрыс қолдану. 2. Жазғы мектеп. 3. 4. «Ата-ана мен бала арасындағы қарым - қатынас», «Балаңыздың қызығушылығы» атты сауалнамадар алынды. 5. Мемлекеттік емтихан. 6. Тұмаудың алдын алуы, тазалық сақтау. 7. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

2022 жылдың 20 мамыр күні Шолақсор ОМ бірыңғай ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде:

- Психологиялық тренинг;
- Балалар жылында оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;
- Оқу жылының аяқталуы;
- Жазғы сауықтыру лагері және жазғы мектеп;
- Жазғы қауіпсіздік ережелеріне түсіндірме жұмысы және жаднамалар тарату.

Шолақсор ОМ қауіпсіздік инспекторы Садыков Б.С. оқушыларға көктем мезгіліндегі қауіпсіздік ережесі туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Оқушылар мен ата-аналардың назарына «Көктайғақтан абайлаңыздар!» атты видео материалдар жарияланды. 1-11 сынып оқушыларына «Өрт, су қауіпсіздігі» бойынша түсіндірме жасалып, ойын түрінде тәрбие сағаттары өтті. Қауіпсіздік инспекторы Садыков Б.С. мектеп ұжымына өрт қауіпсіздік ережелері, апатты жағдайлардың алдын алу жолдары бойынша нұсқаулық жүргізді. ҚЕ инспекторы Садыков Б.С. 5-11 сынып оқушыларына күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырды, әлемдік азаматтық қорғаныс күніне орай мектепшілік «Дабыл» ұйымдастырды.

Қауіпсіз балалық шақ акциясы мектебімізде жоспарланып, ұйымдастырылды. Жоспарға сай «Бала қауіпсіздігі» сынып сағаты өтті. Сынып сағатында қаралған тақырыптар:

- Жазғы демалыстағы қауіпсіздік ережелер (суға шомылудағы, өрт және т.б.)
- Көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс.

Көктемгі каникул жоспары бойынша «Бармағынан бал тамған» тақырыбында «Әже» бейнесіне қағаздан қолөнер жасады, «Жер сағаты» акциясы өтті. «Асыл мұра» тақырыбында ұлттық сал-дәстүрлерді білу үшін «Жұбын тап» интерактивті ойын ойналды. Орыс тілі мұғалімі «Тайны русского языка» атты лингвистикалық ойын өткізді. Спорт нұсқаушысы «Шынықсан - шымыр боласың» атты эстафеталық ойын өткізді. «Бес асық» ойыны ұйымдастырылды, ағылшын тілі мұғалімдері "Полиглот" сайысын өткізді. «Көңілді көктем» суреттер сайысы өтті. 1 сынып оқушыларына «Ойлан тап» ойыны өтті. Мектепте өртке қарсы іс-қимыл әрекет жасау бойынша оқу жаттығулар өтті.

Павлодар облысының төтенше жағдайлар департаменті мектебіміздің ұстаздары мен қызметкерлеріне «Өрт қауіпсіздік шараларын сақтау туралы» түсіндірме жұмысын өткізіп, жаднама таратылды.

«Қырлы өнер- сырлы өнер» жобасы аясында «Қызықты фото аймақ» тақырыбында қолөнері, **Кәсіптік бағдар беру жоспарына** сай мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары онлайн форматында өткен «Торайғыров Университеті-ашық есік күні» атты конференцияға қатысты, «Мамандық: кеше, бүгін, ертен» атты дөңгелек үстел, оқуғы түсу ашрттары интаграм парақшаларына жарияланды, кәсіптік бағдар беру жоспары бойынша 9-11 сынып оқушылары онлайн конференцияға қатысты. 9,11 сынып оқушыларына «Жасөспірім. Қоғам. Заң» тақырыбында ақпараттық сағат өтті.

Тәрбие жоспарына байланысты тіл мұғалімдердің өткізген іс – шаралары:

Мектеп оқушылары мен ұстаздарға «Мәшхүр-Жүсіптің әділдік философиясы» атты адалдық сағаты өтті.

Манап Әндіржановтың 100 жылдығына орай 1-4 сынып оқушыларына ашық тәрбие сағаты өтті. 5-10 сынып оқушыларына «Еңбек түбі - береке», «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мектепшілік Мұқағали Мақатаев, Мағжан Жұмабаев оқулары өтті.

Оқушылар Қаз дауыты Қазыбек бидің 355 жылдығына орай шешендік сөздерін жарыса айтты, 8-сынып оқушыларына «Жыр алабы-Жамбыл» сынып сағаты өтті.

Мектеп оқушыларына «Мұхтар Әуезов және әлім әдебиеті» атты дөңгелек үстел өтті.

«Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл» тақырыбында 7-11 сынып оқушылар арасында әдеби кеш өтті.

«Р. Сейсенбаевтың туғанына 75 жыл» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына дөңгелек үстел өтті.

Адамгершілік жыныстық тәрбие, ерте жүктіліктің алдын алу жоспары бойынша Жыл басында аз қамтылған отбасылардың біріктірілген базасы құрылды. Толық емес және өгей ата-анасымен тұратын оқушылардың деректер қоры құрылды. Мектепте «Сенім» телефоны мен сенім кабинеті жұмыс жасайды. Қыркүйек айынан бастап «Түнгі ауылдағы балалар рейд» кезекшілік кестесі құрылды. Медбике «Қыз баланың бой жетуі» атты кездесу өтті. Мектеп психолог маманы «Жыныстық өмір деген не және ерте жүктіліктің алдын алу» жасөспірім қыздарға арналған тренинг сабақ өткізді. Мамыр айында «Репродуктивті денсаулық» тақырыбында тренинг өтті. Сынып жетекшілер «Адамгершілік-жыныстық тәрбие-ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайтудың негізі» сынып сағаты өтті. «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында қыздар отырысы өтіп, сауалнама алынды. Ата-аналармен «Қыз балаларды зорлық зомбылықтан және педофильдерден қалай қорғаймыз? Қорғану жолдары» тақырыбында жиналыс өтті.

« 9 - мамыр Жеңіс күні» жоспары бойынша кітапханада «Ешкім де, ешқашанда ұмытылмайды» атты кітаптар көрмесін өткізді. Аға тәлімгер «Жігіт сұлтаны-2022» атты сайыс өткізді. «Ер есімі-ел есінде», «Есімдері ел есінде» , «Ешкім де, ештеңе де ұмыт емес» тақырыбында сынып сағаттары. 1-11 сынып оқушыларына «Әнұраным-айбыным» патриоттық акциясы өтті. Оқушыларымыз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығына арналған өлең жолдарын мәнерлеп айтты. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Жігерлі ұлт» асық ату ойыны өтті. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығын мерекелеуге арналған «Елім деп соққан жүрегім» мәнерлеп оқу сайысы өтті. Тариха мұғалімдері «Ерлігі еш ұмытылмас» атты зерттеу конференциясын өткізді. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығына арналған «Ескерткіштен ескерткішке» атты автожорығы өтті. Мектеп оқушылары Ұлы Отан соғысының құрбандарын еске алу ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Жоспар бойынша «Сарбаз» патриоттық клубының мүшелері саптық шеру жасап, пневматикалық мылтық жинаудан жарысқа түсті. Мектебімізде мектепішілік «Патриоттық әндер» байқауы өтті.

Мәдениетті – ана, мәдениетті – ұлт жобасы бойынша «Менің Отаным-менің отбасым» видеороликтер жасау сайысы, «Менің Отаным-менің отбасым» атты сынып сағаттары өтті. Жоспар бойынша 1-4 сынып оқушыларына «Отбасы бақыт мекені» атты сынып сағаты өтті.

Халықаралық Отбасы күніне арналған іс-шара жоспары бойынша 1-4 сынып оқушыларына «Отбасы бақыт мекені» атты сынып сағаты өтті. «Менің сүйікті отбасым» фотоколлаж жасады. «Сыйлық сыйла» акциясы ұйымдастырылды.

1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған жоспар бойынша «Бір ел-бір тағдыр», «Бірлігіміз жарасқан» атты сынып сағаттары өтті. «Бірлігіміз жарасқан» атты көрме ұйымдастырды. «Бейбітшілік – ел тірегі» суреттер көрмесі жасалды. «Қазақстан достық шаңырағы» тақырыбында викторина ұйымдастырылды. Аға тәлімгер «Қазақстан достық шаңырағы» тақырыбында викторина өткізді.

ҚР Рәміздерінің 30 жылдығы жоспарына сай «Мемлекеттік рәміздер-елдігіміздің белгісі» атты сынып сағаты, «Бақытты ана-бақытты бала» атты сынып сағаты өтті. 4,5,6 сынып оқушылары «Әкеме хат» тақырыбында эссе жазды. Мемлекеттік Рәміздердің 30 жылдығына "Менің туым-менің мақтанышым!" тақырыбында "Менің туым тереземде" акциясы өтті. Мектеп ұжымы Мемлекеттік Әнұранды орындады.

Балалар жылы шеңберінде «Балаларды қорғау күні» жоспары бойынша мектеп медбикесі Жекина Ж.К. «Бала жарақатын алдын алу. Алғашқы медициналық көмек» тақырыбында мастер – класс өткізді. Денсаулық күні шеңберінде жоспарға сай дене шынықтыру мұғалімдері «Жазғы спортакиада» өткізді. Оқушылар белсенді сайысқа қатысып, мадақтама қағаздарымен марапатталды. Балалар жылы жоспары аясында «Дарын-2022» атты байқауы өтті. Мектебіміздің ең үздік оқушылары мадақтама және сыйлықтармен марапатталды. «Ақбота» шағын орталығында «Қош бол, балабақша» атты мерекелік концерт өтті. Аға тәлімгер балалар күніне орай бастауыш сынып оқушыларына "Менің қызығушылығым" атты іс-шара өткізді. 1-маусым Балалар күні мерекесіне орай мектеп кітапханашысы Т.Б.Мухамеджарова филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, 400-дей ғылыми,

әдеби шығармалары бар Серік Нығметоллаұлы Негимовпен қашықтықтан кездесу ұйымдастырды.

24 мамыр күні мектебімізде «Бастауышпен қоштасу» мерекелік іс шарасы өтті.

25 мамыр күні 2021-2022 оқу жылының «Сыңғырла, соңғы қонырау» атты салтанатты жиыны өтті. "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Мектепке тағзым" акциясы бойынша арнайы осыдан 30,20 жыл бұрын 1992,2002 жылдары мектебімізді бітірген азаматтар жиынға қатысты. Келген түлектеріміз аяулы мектебіне, мектеп бітіруші түлекке тілектерін айтып, сыйлықтарын табыстады.

Мектебіміздің 9 сынып оқушылары " Ағаш сыйла" акциясына қатысты. 3 сынып оқушыларына ата-аналардың қатысуымен "Сыңғырла, соңғы қонырау" атты сынып сағаты өтті.

Шолақсор орта мектебін 1992, 2002 жылы бітірген мектеп түлектері алтын ұя мектептеріне араға 20, 30 жыл салып қайта оралды. Аға буын түлектерімізге арнап сынып сағаты ұйымдастырылды.

1-маусым Халықаралық балалар қорғау күніне орай "Бала өмір шуағы" атты мерекелік концерт өтті.

Мектебімізде 1 маусым күнінен бастап «Балдырған» мектеп жанындағы эстетикалық қолөнер бағытында жазғы лагерьдің ашылу салтанаты өтті.

2021-2022 жылғы оқушыларың жетістіктері:

- 2 сынып оқушысы- Сматаева Айзере- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай кескіндеме номинациясы бойынша аудандық жас суретшілер байқауында 2 орын иеленді. Жетекшісі: Майкенова Н.Ш.
- Өнер мектебінің ұйымдастыруымен «Карнавал фантазий» атты қашықтықтан өткен конкурсында Зейнолда Сұлтан мен Жанболсын Нұрхан 3 орын иеленді.
- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткен «Мәңгілік ел» патриоттық әндер байқауына белсене қатысып, ІІІ орынға ие болған Канафина Айсана мен Мустахимова Нұрсұлу мадақтама, сыйлықтармен марапатталды.
- Аудандық «Шаңырақ» жобасы бойынша «Киіз үй fest-2022» байқауында мектебіміз оқушылары басты жүлде грант-при ұтып алды.
- 8- сынып оқушысы Канафина Саида «Менің Отаным-менің бастамам» Республикалық шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңіне белсене қатысып ІІ орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі: Кусаинова Д.К.
- 1 мамыр-Қазақстан бірлік күніне арналған аудандық «Бейбітшілік-ел тірегі» атты суреттер сайысында 2 сынып оқушысы Жекенов Ахмади 3 орын иегері атанды. Жетекшісі: Майкенова Н.Ш.
- 1 мамыр-Қазақстан бірлік күніне арналған аудандық «Бейбітшілік-ел тірегі» атты суреттер сайысында 9 сынып оқушысы Шукубаева Зарема 3 орын иегері атанды. Жетекшісі: Садыков Б.С.
- 9 сынып оқушысы – Боранбай Шыңғыс «Ұлттық мектеп лигасы» 3-облыстық спартакиадасының аудандық кезеңінде үстел теннисінен ІІ орын иеленді.
- XXVIII жазғы спартакиада шеңберінде Волейболдан ұлдар арасында аудандық жарыста ІІ орын иеленді.
- 7- сынып оқушысы Қабылхамит Нұржігіт – Аудандық «Алтын қазына» сәндік – қолданбалы қолөнер сайысында 3 орын иегері атанды.

Оқу-тәрбие процесінің техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Мақсаты: еңбекті қорғау және оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау

Оқушылардың денсаулығын сақтауда ОТҮ ұйымдастыруда қауіпсіздік техникасы маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1020 "ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің үлгілік ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес мектепте оқу кабинеттерінде сабақтарды ұйымдастыруға рұқсат-актілер бар, мамандандырылған кабинеттер үшін ҚТ жөніндегі нұсқаулықтар әзірленді, жүйеде кіріспе және ағымдағы нұсқаулықтар ұйымдастырылған. Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету мақсатында мектепте қауіпсіздік техникасы үшін жауаптылардың тізімі бекітілді, эвакуациялау жоспары әзірленді, қауіпсіздік техникасы бойынша бұрыштар ұйымдастырылды. Педагогикалық ұжым техника қауіпсіздігі ережелерімен танысты. Сынып жетекшілері жол жүру ережелері бойынша сабақтар жүргізді. Оқу жылы бойы оқушыларға судағы қауіпсіздік бойынша, жаңа жылдық мерекелерді өткізу кезінде, Жолдағы қауіпсіздік бойынша, электр құралдарымен жұмыс кезінде нұсқаулықтар өткізілді.

2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V ҚРЗ "азаматтық қорғау туралы" Заңына сәйкес Өртке қарсы қауіпсіздік шараларына ерекше көңіл бөлінді. Оқушылар мен педагогикалық ұжымдардың ағымдағы оқу-жаттығулары өткізілді.

Есеп беру кезеңінде мектепте жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ.

Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау.

Мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру.

Мектеп мұғалімдері ұжымының жоғары кәсіби деңгейі, инновациялық қызметке мотивациясы бар, түрлі деңгейдегі инновацияларды жүзеге асыруға табысты қатысты. Мектеп педагог кадрлармен толық қамтылған. Әдістемелік бірлестіктер мен мектеп әкімшілігі жұмысының маңызды бағыты біліктілікті арттырудың курстық жүйесі арқылы мұғалім кадрларының педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру және мектеп педагогын жоғары біліктілік санатына аттестациялауға ынталандыру болып табылады.

2021-2022 оқу жылына 8 мұғалім біліктілік санатын арттыруға және растауға өтініш берді. Олардың ішінде 3 мұғалім тестті сәтті тапсырып, екінші кезеңге өтініш білдіріп санатын растады. Олар бастауыш сынып мұғалімі Еншлес Урикжан педагог-сарапшы, дене шынықтыру мұғалімі Татымбетов Д.С педагог-сарапшы, дене шынықтыру мұғалімі Мухан И.К педагог-модератор біліктілік санаттарынан өтті. Осылайша, 2020-2021 оқу жылдың аттестаттау қорытындысы бойынша мұғалімдердің сапалық құрамы өзгерді.

Мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шеберлігін жетілдіру Павлодар Өрлеу біліктілікті арттыру орталығында мұғалімдердің біліктілігін арттыру арқылы ұйымдастырылған. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша жұмысты жоспарлау үшін курстық қайта даярлау кестесі жасалды.

2021-2022 оқу жылында 6 мұғалім курстық дайындықтан өтті. Олар: бастауыш сынып бойынша Самылина И.В, ДОЮ Жунусова Д.М, АӘД пәні мұғалімі Садыков Б.С., физика пәні мұғалімі Сматаева А.М, информатика пәні мұғалімі Бари Ш.К, биология пәні мұғалімі Жекенова М.К. Барлық пән мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бойынша курстардан өткен.

Озық педагогикалық тәжірибе

Мақсаты: педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибені қалыптастыру, зерделеу, жалпылау және тарату

Мектеп мұғалімдері өз тәжірибесін ӘБ отырыстарында, педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу арқылы, аттестаттау шеңберінде ашық сабақтар, пәндік апта, "Әдістемелік онкүндіктер" аясында, аудандық деңгейде, мектепшілік әдістемелік кеңес отырыстарында, семинарларда, ашық сабақтар арқылы, сонымен қатар әр түрлі деңгейдегі конкурстарға және журналдарда жарияланымдарға қатысу арқылы жинақтайды.

Біздің мектеп мұғалімдері "Дарабоз", "Өнеге", «Мұрагер», Qaztest.kz, Qazan.info – сайттарына өздері де қатысып, оқушыларын да қатыстырып, арнайы орындарға ие болды.

Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты: жас мұғалімнің кәсіби қалыптасуы үшін жағдай жасау.

Мектепте "Жас мұғалім мектебі" жұмыс істеді, оны 1- санатты мұғалім Муханова Ш.К басқарды. "Жас мұғалімдер мектебіндегі" сабақтар жас маманға жұмыстың жеке педагогикалық стилін қалыптастыруда, дербестікті дамытуда, ғылым мен озық тәжірибе негізінде оқу-тәрбие процесін құруда көмектеседі, еңбек қызметіндегі алғашқы қуаныш сезіміне мүмкіндік береді, тәртіптілік пен жауапкершілік сезіміне тәрбиелейді. Мектепте өткен оқу жылында жас мамандар жоқ болды.

Әдістемелік семинарлар, әдістемелік кеңестер, пәндік әдістемелік бірлестіктермен жұмыс.

Мақсаты: мектептегі әдістемелік жұмыстың өнімділік деңгейін және оның педагогикалық ұжымды дамыту тәртібіне қосу процесіндегі рөлін анықтау.

Әдістемелік қызметтің алдына мақсаттар мен міндеттер қойылды:

- мұғалімнің аналитикалық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру және арнайы ұйымдастырылған оқыту және күнделікті басқару қызметі арқылы оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- педагогтарды шығармашылық педагогикалық ізденіске олардың ғылыми-теориялық деңгейін жүйелі арттыру және озық педагогикалық тәжірибені тарату мен енгізуге қатысу арқылы енгізу үшін жағдай жасау;
- оқыту мен тәрбиелеудің принциптері мен тәсілдерін іске асыруда, оқушылардың аналитикалық мәдениетін қалыптастыруда, кешенді мониторинг деректері негізінде оқытудағы табыстылықты жобалау және болжау іскерлігінде мұғалімнің әдістемелік көмегін жетілдіру.

Мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әдістемелік жұмыс келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.:

- оқушылардың білім сапасын арттыру, пәндер бойынша үлгерімді бақылау және талдау;
- педагогикалық ұжымның инновациялық және эксперименттік процестерге белсенді қатысуын ұйымдастыру;
- кабинеттердегі оқу-әдістемелік материалдарды жүйелеу;
- көптілді оқытуды, пәнаралық интеграцияны дамыту;
- дарынды балаларды олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына дайындау;
- педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан уақытылы өтуі.

Мектепте Әдістемелік қызметтің белгілі бір жүйесі қалыптасты. Әдістемелік кеңес жұмысын үйлестіреді, оның құрамына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары мен психолог кірді. Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету үздіксіз сипатқа ие, қызметтің әртүрлі нысандары мен мазмұнын қамтыды. Ол дәстүрлі әдістемелік құрылым: педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер арқылы жүзеге асырылды. Барлық құрылымдардың жұмысы жоспарланған.

Ұжымдық әдістемелік жұмыстың жоғары формасы педагогикалық кеңес болып қала береді.

2021-2022 оқу жылында 6 тақырыптық педкеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестің тақырыптарын жоспарлау кезінде шешілуі оқу-тәрбие жұмысының деңгейін арттыруға, критериялды бағалау: қалыптастырушы бағалаудың маңыздылығы, ғылыми жетістіктерді практикаға енгізуге, мектеп педагогтарын ғылыми-зерттеу жұмысына енгізуге ықпал еткен проблемалар таңдалды. "Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру үдерісі сапасының басты

ресурсы ретінде", "жаңа тәсілдер, инновациялар және құзыреттілік тәсіл – табысты мектепке қадамдар", "оқушы тұлғасын тәрбиелеу үдерісінде сынып жетекшісінің кәсіби құзыреттілігі" тақырыптарында педкеңес өткізілді. Педагогикалық кеңес барысында ақпараттық-білім беру ортасы жағдайында тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы сапасын жүзеге асыру тетіктерін іздеуге бағытталған мәселелер қарастырылды. Педагогикалық кеңестердің шешімін қабылдай отырып, ұжым білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шешуде жаңа тәсілдерді, заманауи технологияларды таңдауға ұмтылды.

Әдістемелік жұмысты үйлестіру үшін мектепте Әдістемелік Кеңес жұмыс істеді, құрамына әдістемелік бірлестік жетекшілері кірді. Әдістемелік кеңес мұғалімдердің педагогикалық және әдістемелік шеберлігінің өсуіне жағдай жасау бойынша жұмыс істеді, әдістемелік күндер мен әдістемелік кеңестерді ұйымдастырды, мұғалімдердің еңбегін диагностикалауға қатысты. Жұмыс жоспарына сәйкес 6 тақырыптық отырыс өтті.

Отырыстарда қаралатын мәселелер аналитикалық, жоспарлы-болжамдық, ұйымдастыру-үйлестіру, диагностикалық қызметке қатысты жұмыс бағыттарын көрсетті.

- Оқу жоспарының вариативті бөлігінің бағдарламаларын бекіту.

- Мектеп пән олимпиадаларын ұйымдастыру.

- Пән күндерін өткізу қорытындысы.

- Пәндік ӘБ қорытындысы.

- Педагогтардың жұмыс тәжірибесін тарату.

- Педагогикалық ұжымның даму мониторингінің қорытындысы.

Пән мұғалімдерінің әдістемелік жұмысын ұйымдастыратын басты құрылым әдістемелік бірлестіктер болып табылады. Мектепте 3 әдістемелік бірлестік жұмыс істеді.

1. "Гуманитарлық пәндер" ӘБ жетекшісі Ш.Кабдуали (санаты – педагог-зерттеуші).

2. "Жаратылыстану-математикалық пәндер" ӘБ жетекшісі Т.А.Ақбасова.

3. "Бастауыш сынып" ӘБ жетекшісі Н.Ш.Майкенова (санаты – педагог-зерттеуші).

Әрбір ӘБ оқу жылының барысында оқушылардың танымдық, қызығушылық белсенділіктерінің артуына ықпал ететін пәндік апталықтар мен онкүндіктер өткізді.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасының жағдайы.

Мақсаты: 2021-2022 оқу жылындағы білім сапасы мен үлгерім қорытындысын талдау.

2021-2022 оқу жылында барлық 43 оқушы аттестатталды. Оның ішінде 6 оқушы мектепті "өте жақсы", 26 оқушы "жақсы" бітірді. Оқу сапасы 78,05% құрды. 1-4 сыныптарда білім беру бағдарламаларын барлық 22 оқушы толық көлемде игерді. Оның ішінде 6 оқушы «өте жақсы» және 10 оқушы «жақсы».

5-9 сыныптарда білім беру бағдарламаларын барлық 28 оқушы толық көлемде игерді. Оның ішінде 26 оқушы «жақсы».

Шолақсор орта мектебі кітапханасының жұмыс жоспарының есебі.

Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігімен бекітілген жоспар бойынша жұмыс істейді.

Мектеп және кітапхана қызметінің негізгі тақырыбы: «Қазіргі заманғы азаматтық қоғам шарттарында еркін бағытталатын, шығармашылыққа, әлеуметтік-пайдалы қызмет шарттарында өзін-өзі іске асыруға қабілетті, белсенді азаматтық позициясы бар жеке адамның дамуына мүмкіндік жасау».

Кітап қорының жағдайы. Кітапхананың жалпы қоры-7271 дана.

олардың ішінен: негізгі қор-908 дана. Оқу әдебиеттері-6176 дана. Көркем әдебиеттің қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Орналасуы жасына қарай жасалды (мектеп кітапханаларға арналған ББК кестелерімен сәйкес). Оқулықтар қоры. Жаңа оқулықтар алынған және оқушыларға берілген. Оқулықтармен қамтамасыз етуге үлкен көмек кітапханааралық абонемент көрсетті.

2021-2022 оқу жылда оқушылар 2017-2021 жылда шығарылған оқулықтармен оқиды. 1 «а», 1 «б», сыныптары 2021жылы шыққан жаңа оқулықтармен оқытылды. Және басқа мектептермен байланыс жүргізіледі. 4 «а» сыныпқа бір комплект Балтасап мектебінен уақытша пайдалануға, 6 «а» сыныбына Абай мектебіне уақытша алынды, 8 «а» сыныбына Лениа мектебі, Шаяхметов мектебі, Каментерн мектептерінен жетпеген оқулықтарды уақытша ауысып оқыттық. 10 «а» сыныбына Харьков мектебі және Қараоба мектептері уақытша берді, 11 «а» сыныптарына Қараоба мектебі көмектесіп оқулықтарымен уақытша бөлісті.

2021 жылдың 1 қарашасында мемлекеттік мекемеге бұйрықпен 2021жылдың № 1-03\22 1 сәуір тағайындалған комиссия төрайымы, мектеп директоры К.С.Рахимжанова, Директордың оқу ісі орынбасары, комиссия мүшесі: Д.М.Жунусова, Кәсіподақ төрайымы, психолог, комиссия мүшесі С.С.Сабирова, Шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі: Д.Б.Кендирбаева, Кітапханашы, комиссия мүшесі, хатшы: Т.Б.Мухаджарова құрамымен, кітапханадағы ескірген кітаптардың жағдайын, сыртқы көрінісін тексеріп, тізімделген

Оқулықтар 90 дана 117830 құны,

Электронды оқулық 5 дана. 12500 құны,

Көркем әдебиет 137 дана 38150 құны.

Оқыту әдістемесі 7 дана 7476 құны,

Жұмыс дәптері 244 дана 194154 құны есептен шығарылды.

Көпшілік жұмысы. Кітапхана қызметінің маңызды бағыты бұл көрме арқылы қорын ашу. Кітапханада әртүрлі мерейтойларға және маңызды күндерге көрмелер қойылады. Кітапхананың қолайлы жабдықтарына көп назар берілді. Өте жиі балалар мектеп кітапханасына тек қана кітап алу үшін ғана келмей, бір-бірімен әңгімелесу үшін, тыныш және байсалды атмосферада сырласу үшін келді. Барлық дерлік іс-шаралар оқуға қызығуын дамуына шақырды

Мектеп кітапханасында Қыркүйек айында «Тіл достық құралы» тематикалық көрме, папка дайындау, әңгіме «Бір ел бір кітап» акциясы шеңберінде оқуға арналған 30 көркем туындыдан оқыту. Мәнерлеп оқу сайысы өтті. Қазан айында «Сайын Муратбековтың туғанына 85 жыл» толуына кітап көрмесі өткізілді. Ұстаздармен оқушыларға арнап мектепте «Буккросинг» бұрышы жасалды, «Қолөнер зор өнер» атты кітаптар көрмесі өткізілді. 5-9 сынып оқушыларына «Экология табиғат жүрегі» атты кітап көрмесі өткізілді, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап асыл қазына «READx» жобасы өтті, «Оқуға құштар мектеп» аясында «Ертегі әлеміне саяхат» атты 3-6 сыныптар арасында оқыған ертегісі бойынша суреттер салғызып, оқушылар арасында «Жұлдызша» әдісімен бағаланды. Қараша айында «Кітаптар әлеміне саяхат» іс-шара өтті, «Кітапты қолдану ережесі» тақырыбында кітапханалық сағат көткізілді, Желтоқсан айында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» атты көрме ұйымдастырылды, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Әкем оқыған кітап» тақырыбында оқушылар әкелерінің оқыған кітаптарымен бөлісті. «Көп ұлтты татулығы бірлікте» атты көрме ұйымдастырылды. Қаңтар айында «Жаңа жылдық» кітаптан жасаған көрініс қойылды. «Кітап біздің досымыз» қызықты кітап оқу. Ақпан айында «Мейірім төгетін ана» «Өзін өзі тану» бағдарламасының авторы С.А.Назарбаева туралы кітап көрмесі қойылды. Наурыз айында «Оқуға құштар мектеп» аясында А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 8-11 сыныптарға ақынның шығармашылығымен танысу сағаты ұйымдастырылды. «Наурыз жыл бас» тақырыбына кітап көрмесі қойылды. Сәуір айында «Ешкім де, ешқашан да ұмтылмайды» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Мамыр айында 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» атты көрме қойылды. Маусым айында 1 маусым Балалар күніне орай мектеп кітапханасында филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі 400 дей ғылыми, әдеби шығармалары бар Серік Нығметоллаұлы Негимовпен қашықтықтан кездесу ұйымдастырылды. Мемлекеттік Рәміздердің 30 жылдығына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Материалдық-техникалық база.

2021-2022 оқу жылының басына 13 оқу кабинеті паспортталды: 3 бастауыш сынып кабинеті, математика кабинеті, АӘД кабинеті, тарих кабинеті, ағылшын тілі кабинеті, физика кабинеті, химия кабинеті, 1 информатика кабинеті, 1 қазақ тілі кабинеті, орыс тілі кабинеті.

2021 жылдың 29 тамызында кабинеттерде сабақ өткізуге рұқсат – актілерге қол қойылды. Кабинеттер барлық санитарлық нормаларға сәйкес келеді: жеткілікті жарық, жылу режимі, оқу жиһазы. Физика, химия, биология, информатика, тарих, ағылшын тілі кабинеттерінде интерактивті тақта жұмыс істейді, сабақтар өткізіледі. Жыл бойы кабинетті көгалдандыру, жиһаз жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ауысымды оқу-әдістемелік стендтер үнемі жаңартылып отырды. Барлық кабинеттерде "Бүгін сабақта" стендтер жаңартылып, білімалушыларға арналған стендтер безендірілді.

Кабинеттер кітапхана қорынан пәндер бойынша қажетті оқулықтармен жабдықталған. Барлық бақылау - өлшеу материалдары толтырылып, жаңартылды.

Оқу жылы бойы пәндер бойынша әдістемелік әдебиет алынды, дидактикалық материал, стендтер жаңартылды.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер

1) "Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі тәсілі ретінде білім берудің жаңа тәсілдерін меңгеру, білім беру процесінің барлық қатысушыларының нәтижелілігін, оқыту тиімділігін, тәрбиесін, дамуы мен табыстылығын арттыру" атты мектеп тақырыбымен жұмысты белсендендіру

- мұғалімдердің педагогикалық шеберлік деңгейін үздіксіз жетілдіру, олардың эрудициясы мен пәндік саладағы құзыреттілігі, оқушылардың белгілі бір ғылым және өскелең ұрпақты тәрбиелеу құралдарымен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін инновациялық технологияларды шығармашылық игеру.

- педагогтардың педагогикалық тәжірибесін жинақтау және жинақтау бойынша жұмысты жандандыру;

- қабілетті балаларды анықтау бойынша педагогтардың жұмысын жүйелендіру;

- қалалық, облыстық, республикалық, облыстық әр түрлі бағыттар бойынша конкурстар өткізу.

- мектеп базасында әдістемелік оқу және тәрбие семинарларын өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру.

2) Тиімді басқару шешімдері негізінде білім сапасының мониторингін жетілдіру арқылы мектептің дамуын басқаруды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік білім беру стандарттарын толық көлемде орындау;

- оқыту сапасын арттыруға және үлгермеушілігін жоюға бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу;

- ОЖСБ-ға дайындаудың тиімді нысандары мен әдістерін таңдау және диагностикалық негізде білімді түзету, басқару шешімдерін қабылдау және бақылау жүйесін жетілдіру;

- білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, оқушылардың оқу мүмкіндіктерін диагностикалау мен бағалауға, мектеп мұғалімінің кәсіби шеберлігін диагностикалау мен бағалауға бағытталған жаңа тетіктерді әзірлеу жолымен мектепті басқарудың тиімділігі.

- оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру үшін тәрбие жұмысының түрлері мен әдістерін жаңарту бойынша жұмысты жалғастыру;

- мектеп дәстүрлерін дамыту;

- жағымды эмоционалдық, психологиялық мектеп ұжымындағы адамгершілік және;

- сауықтыру жөніндегі кешенді жүйені іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- азаматтық сезімін тәрбиелеу және өз Отанының рухани құндылықтарына баулу.

- өз бетінше өмір сүруге дайындық, адам мен азаматты тәрбиелеу; қазіргі әлемде бейімделу, онда өз орнын таба алатын, өз бетінше шешім қабылдау, өз пікірін білдіру, шығармашылық ойлау.

- Әлеуметтік және психологиялық көмекке мұқтаж оқушылардың отбасыларына көмек көрсету;

-мектеп "Наркопост" жұмысын жандандыру, жұмысқа мамандарды, ата-аналарды, жұртшылықты тарту;

- оқытудағы құзыреттілік тәсілді іске асыруды психологиялық сүйемелдеу бойынша қызметті жетілдіру.

-ата-аналармен және педагогтармен ағарту-алдын алу жұмыстарының мынадай түрлеріне ерекше көңіл бөлу: семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер, диалогтық алаңдар.

- кәсіптік бағдар беру қызметін жетілдіру, белгілі бір ғылымдарға ерте қызығушылық пен бейімділікті анықтау.

3. Оқу жоспарына қазақ тілінде оқыту орыс тілінде және орыс тілінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда факультативтік курстар жұмысын жалғастыру.

4. Мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің үйірме сабақтары арқылы үш тілді енгізу бойынша әдістемелік қызметтің жұмысын жүргізу.

5. Ата-аналарды мектеп өміріне барынша тарту және оларды іске асыруға тарту даму бағдарламаларын құру.

- мектепте «Оқуға құштар мектеп » жобасын жүзеге асыру.

I бөлім

Білім беру туралы мемлекеттік нормативтік құжаттарының орындалуына бағытталған мектептің жұмысын ұйымдастыру

1.1 ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуы жалпы орта біліммен қамту;

1.2. «ҚР Тіл туралы» Заңының орындалуы;

1.3. «Ақпараттық оқу-тәрбие жүйесі» бағдарламасының орындалуы;

1.4. СӨС қалыптастыру қызметінің ұйымдастырылуы;

1.5. Оқу-тәрбие жүйесінде техникалық-қауіпсіздікпен қамту;

1.6. Мектептегі жалпы оқу орындалуы бойынша қызметті ұйымдастыру

1.1 ҚР «Білім туралы» заңының орындалуы жалпы орта біліммен қамту

№ п/ п	Іс-шаралар	Мерзім	Жауапты	Қайда қаралады
1.	ҚР Конституциясының 30-бабының орындалуын қамтамасыз ету	үнемі	Жунусова Д.М	Әкімшілік кеңес
2.	- Мектеп жасындағы барлық балаларды оқумен қамту бойынша рейтингтер жүргізу: - Сабақты жиі босататын немесе мектепке келмейтіндіктерін ескеріп, сәтсіз отбасылар, қиын отбасылар мен балалардың оқушылардың үйлеріне бару. -Үйде оқытылуды қажет ететін балаларды уақытылы анықтау -ҰОС қатысушылары, аз қамтамасыз етілген көпбалалы отбасыларды ескеру.	Қыркүйек қаңтар	Жекенова М.К Сабирова С.С	Қамқоршылық кеңес
3.	Диспансерлік есепте тұрған балалар, денсаулығы төмен, әртүрлі ауытқудағы балалардың тізімін жасау.	қыркүйек	Медбике	Директор алдындағы кеңес
4.	Қорғаншылықтағы балаларды ескеріп, мүмкіндігінше материалдық көмек көрсету	Жыл ішінде	Жекенова М.К	Қамқоршылық кеңес
5.	Тереңдетілген медициналық тексеріс жүргізіп, директор алдындағы жиналыста балалардың денсаулық жағдайына тыңғылықты талдау жасау,	Сәуір, мамыр	Медбике	Директор алдындағы кеңес
6.	Санитарлық-гигиеналық талаптар,эпидемиологиялық режим ережелерінің сақталуына қатаң бақылау жүргізу	үнемі	Жунусова Д.М Кусаинова Д.К	Директор алдындағы кеңес
7.	Оқушылардың контингентін сақтау бойынша мұғалімдердің жауапкершілігін көтеру Оқушылардың оқудан себепсіз шығуын сүзгіден өткізіп, жедел шара қолдану	үнемі	Кусаинова Д.К Жекенова М.К	Әдістемелік кеңес
8.	Оқушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімдеріне талдау жүргізу	Тоқсанда 1 рет	Кусаинова Д.К Жекенова М.К	Директор алдындағы кеңес
9.	ОДН, мектепшілік есепте тұрған тәрбиеленуі қиын балаларға картотека жүргізу.	үнемі	Сабирова С.С	Әдістемелік кеңес
10.	Ата-аналармен бірлесіп, мамандармен бірлесіп ішімдік, нашақорлық, ЖИТС-тің алдын алу бойынша жұмыс жүргізу	үнемі	Жекенова М.К	Директор алдындағы кеңес
11.	Оқушылардың оқулықпен қамтылуы бойынша жұмыс жүргізу, оқулыққа ұқыптылықпен қарау және оқулықтың сақталуы бойынша сыныптар арасында рейтинг жүргізу	Тоқсанда 1 рет	Мухамеджарова Т.Б	Директор алдындағы кеңес
12.	Дарынды балалармен жұмысты бақылауға алу	үнемі	Жекина Г.К	Директор алдындағы кеңес

1.2. «ҚР Тіл туралы» заңын жүзеге асыру

Мақсат: «Тілдерді дамыту» бағдарламасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.

Міндеті: - нормативтік құжаттарды оқып білу;

- «Тілдерді дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру.

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1	2	3	4	5
1	ҚР тіл бойынша нормативтік құжаттарын оқып үйрену	Тамыз-қыркүйек	Кусаинова Д.К	Нормативтік құжат бойынша білім
2	«Тілдер айлығы» шарасын өткізу	27.08-22.09	Кусаинова Д.К	«Тіл туралы» заңның орындалуы
4	«Қазақ тілінде сөйлесейік» акциясын өткізу	Сәрсенбі	Байбахин А.К	Қазақ тілі білімін меңгеріп алу
5	«Ағылшын тілінде сөйлесейік» акциясын өткізу	Бейсенбі	Жунусова Д.М Жунусова Г.Х.	Ағылшын тілі білімін меңгеріп алу
6	Безендірілген стенд материалдарын бақылау	үнемі	Кусаинова Д.К.	Стендті безендірудегі сауаттылық
7	Оқушылардың қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша қашықтан оқыту олимпиадаларына қатысуын қамтамасыз ету.	Жоспар бойынша	Пән мұғалімдері, Жекина Г.К	Белсенділік, оқушылардың танылу қызметі
8	Тіл мамандары мұғалімдерін даярлық курстары арқылы біліктілігін көтеру, семинарларға қатыстыру	Кесте бойынша	Кусаинова Д.К	Мұғалімдер біліктілігін арттыру
9	Оқушыларды тіл пәндерінен мектепшілік олимпиадаға қатыстыру	Қараша	Кусаинова Д.К.	Мониторинг
10	Мемлекеттік тілдегі басылымдарға жазылуды ұйымдастыру	Кесте бойынша	Кусаинова Д.К	Газет, журналдарды тігу
11	Мектеп пен кабинетте екітілде безендіруді қамтамасыз ету	Жыл бойы	Жунусова Д.М кабинет меңгерушілері	
12	«Кітаппен біз доспыз» мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастыру	күн сайын	Мухамеджарова Т.Б Тіл мұғалімдері	Эссе, фото
13	Латын тілінде диктант жазу.	Талап етілген уақытта	Кусаинова Д.К Тіл мұғалімдері	Диктант нәтижесі

1.3.«Ақпараттық оқу-тәрбие жүйесі» бағдарламасының орындалуы

Мақсаты: Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие жүйесінде пайдалану нәтижелілігін жақсарту.

Міндеті:

1. Мектепте ақпараттық білім кеңістігін кеңейту
2. АКТ бойынша облыстық апеддагогикалық және жетекші жұмыскерлердің біліктілігін көтеру жұмыстарын жалғастыру;

3. Оқу-тәрбие жүйесіне АКТ-ны қолдану бойынша жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу;
4. Оқушылардың АКТ-ны жетік білу деңгейіне көтеру;
5. Басқарушылық қызметте АКТ-ны қолданудың нәтижелілігін жоғарылату.

№ п/п	Іс-шара	Өткізілу мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
<u>Ақпараттық технологияны пайдалану және қадағалау, бақылауды ұйымдастыру</u>				
1	Ақпараттық кеңес құру	қыркүйек 2022	Кусаинова Д.К	Ақпараттық кеңес құру
2.	Білім беру тәжірибесінде АКТ-ды енгізу келешекте білім берудің даму жүйесінің тиімді мониторингі	Жыл бойы	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	Жаңа технологияны үйрену мен тиімді пайдалану жолдарын енгізу
3.	Электронды журналды жүргізу, оны пайдалану жолдары бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру	Жыл бойы	Кусаинова Д.К Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Электронды журнал бойынша ақпарат алмасу
4.	Мұғалім, ата-ана, оқушылардың электронды күнделікке кіруін қадағалау	Үнемі	Кусаинова Д.К Мектеп әкімшілігі	Бақылау жүргізу
5.	Мектеп жұмысшыларын ақпараттық технологияны пайдалану бойынша түрлі деңгейдегі семинарлар мен біліктілікті көтеру курстарына қатыстыруды жалғастыру.	Кесте бойынша	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	Педагогтардың АКТ білімін көтеру
6.	Басқарушылық қызметте білім мен тәрбиеде АКТ-ны тиімді қолдану бойынша бақылау.	Мектепішілік жоспар бойынша	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	АКТ жоғарылату
7	Сыныптан тыс және тәрбиелік іс-шараларда, флипчарт, презентациямен толықтыру.	Жыл бойы	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	Банк флипчарт, презентаций
8	АКТ тиімді пайдалану және меңгеру бойынша талдау.	Мамыр	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	Білім сапасын көтеру
<u>Мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін көтеру үшін жағдай жасау, ақпараттық технологияны оқу-тәрбие процесіне енгізу</u>				
1.	Жаңа ақпараттық технологияны пайдалану бойынша семинарлар – практикумдар	Мұғалімдер сұранысы бойынша (сауалнама)	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	Педагог-қ АКТ көтеру
2.	Оқу-тәрбие жүйесіндегі басқарушылық қызметте АКТ бойынша инновациялық жетістіктер банкін толтыру	Жыл бойы	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	Педагог-қ АКТ көтеру
3	Ата-аналармен жұмыста АКТ-ны тиімді қолдану	Жыл бойы	Әкімшілік, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Ата-аналармен байланыс
<u>Оқыту жүйесіндегі ақпараттық технологияны негізгі іс-шаралар жоспарына енгізу</u>				
1	Педагогтар мен оқушылардың электронды портфолиосын құру	Қыркүйек-наурыз	Муханова Ш.К Пән мұғалімдері	Электронды портфолио банкасы
2	Оқушылар мен мұғалімдердің	Жыл ішінде	Кусаинова Д.К	Педагогикалық

	ақпараттық технологияны пайдаланып аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға, семинар, конференцияға қатысуы		Жекина Г.К	АКТ көтеру
3	Интернет жүйесі ресурстарын пайдаланып ОЖСБ-ға дайындалу	Қыркүйек-мамыр	Кусаинова Д.К Пән мұғалімдері	Білім сапасын көтеру
4	Презентация, флипчарт конкурстарына қатысу	сәуір	мұғалім, оқушылар	Оқушылардың АКТ білімін көтеру
5	Мұғалімдердің заманауи білімділік технологияны пайдаланып әдістемелік құралдар құрастыруы	Жыл ішінде	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері Пән мұғалімдері	Тәжірибе тарату
6	Мұғалімдердің сабақ беру жүйесінде оқытудың электронды баспаларын қолдану немесе сабақ барысы бойынша өзі дайындаған презентацияларын қолдану	Үнемі	Кусаинова Д.К Пән мұғалімдері	Білім сапасын көтеру
7	Мұғалімдердің, сынып жетекшілердің сыныптан тыс іс-шараларды жүргізу жүйесінде, сынып сағаттарында, викторина, дөңгелек үстел, тақырыптық кештерде өзі дайындаған презентацияларын қолдану т.б	Үнемі	Жекенова М.К Сынып жетекшілер	Ынтаны арттыру
8	Электронды оқу баспаларын қолдану немесе сабақ бойынша өзі дайындаған презентациялар бойынша тәжірибе алмасу.	Ашық сабақтар кестесі бойынша	Кусаинова Д.К	Мектеп газеті
9	Мектептің әдістемелік құралының сапасының бірі ретінде мектеп сайты қолдану мен жаңғырту	Үнемі	Әкімшілік	Мектеп сайтымен жұмыс
10	Пән апталықтарының қорытындысын мектеп газетіне шығаруды ұйымдастыру	Кесте бойынша	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	

1.4. СӨС қалыптастыру бойынша қызметті ұйымдастыру

Мақсаты: Өзінің денсаулығына, қоршаған орта жағдайына деген жауапкершілікті күшейту, СӨС-на жеке және қоғамдық басымдылық қарым-қатынас қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстану дағдысы, шеберлігі, білімін дамыту
- Оқушылардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті сезінуі
- Дене шынықтырудың денсаулыққа тиімділігін арттыру
- Қоғамдық жағымсыз қарым-қатынасына бағытталған кешенді алдын-алу іс-шараларын жүргізу.

1.4.1 Оқу мен тәрбие бағдарламасына СӨС қалыптастыруды енгізу

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1.	Арнайы курс «ЖИТС және оның мәселелері профилактикасы»	Жыл бойы	Медбике	Аурудың алдын алу тәсілдерін меңгеру
2.	Сынып сағатының тақырыбы: «Зиянды заттарды қолданудың	Жыл ішінде	1-11 сынып жетекшілері	Зиянды заттарды қолданудың алдын-

	алдын алу»			алу бойынша ақпараттандыру
--	------------	--	--	-------------------------------

1.4.2. Оқушылардың денсаулығын түзету

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1.	Сабақта және сабақтан тыс техника қауіпсіздігін сақтау	Жыл бойы	Садықов Б.С Мұғалімдер, сынып жетекшілер	ҚЕ білімі
2.	Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау	Жыл ішінде	Медбике	Санитарлық-гигиена нормалары
3.	Сабақ кестесін бақылау	Қыркүйек	Кусаинова Д.К	Сабақ кестесінің санитарлық – гигиеналық талапқа сәйкестігі
4.	Сабақ арасындағы демалыстың ұйымдастырылуы Үзіліс: Төрт 5 минуттан (бірінші, үшінші, бесінші сабақтан кейін) екі 15 минут(екінші, төртінші сабақтан кейін)	қыркүйек	Сынып жетекшілер, мұғалімдер	Денсаулық сақтау технологиясын меңгеру
5.	Балалардың тамағын ұйымдастыру:	Жыл бойы	Жунусова Д.М	Балалардың денсаулығын сақтау
6.	Мектеп лагерінде аз қамтылған отбасы балаларын ыстық (тегін) тамақпен қамту	Маусым	Жунусова Д.М Жекенова М.К	Жазғы уақытта балалардың денсаулығын қорғау
7.	Аз қамтылған отбасы балаларын, жетім, тубвиражды балаларды ыстық (тегін) тамақпен қамту	Жыл бойы	Жунусова Д.М Жекенова М.К	Оқушылардың денсаулығын сақтау
8.	1-4 сыныптағы балаларды ыстық (тегін) тамақпен қамту	Жыл бойы	Жунусова Д.М Жекенова М.К	Оқушылардың денсаулығын сақтау
9.	1-9 сынып оқушыларын тереңдетілген медициналық қаралудан өткізу	Қыркүйек, қазан	Медбике	Ауыратын балалардың санымен ақпараттандыру
10.	Арнайы медтопта кәсіби қаралым қорытындысын ұйымдастыру	Қыркүйек	Медбике	Арнайы мед топ
11.	Екпе ұйымдастыру	Жыл ішінде	Медбике	Ауруды ескерту
12.	Денсаулық парағын толтыру	Қыркүйек	1-9 сынып жетекшілері, медбике	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілеріне ақпарат

1.4.3. Спорт-сауықтыру, денешынықтыру-денсаулық іс-шараларын ұйымдастыру

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1.	Спорттық секциялардың жұмысын ұйымдастыру: - баскетбол	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, денешынықтыру мұғалімдері	Оқушыларды СӨС дағдысына араластыру,

	- волейбол - үстел теннисі - шахмат, дойбы, - тоғызқұмалақ - спорттық ойындар - «Денсаулық сағаты» (мұғалім)			үйірмелерге тарту
2.	Спорттық іс-шараларға қатыстыру	Жыл ішінде	Спорт нұсқаушысы Муханова Ж.Н	СӨС насихаттау
3.	Спорттық жарыстар, спартакиада өткізу	Жыл ішінде	Муханова Ж.Н Татымбетов Д.С	СӨС насихаттау
4.	Спорттық мерекелерді өткізу: - Денсаулық күні - Спорттық мереке	Жыл ішінде	Муханова Ж.Н Татымбетов Д.С	СӨС насихаттау
5.	президенттік тест тапсыру	Қыркүйек, мамыр	Совет КФК	ҚР Президенті бағдарламасын орындау
6.	«Ауыл тынысы», «Звезда Прииртышья», «ЗОЖ» газеттерінің беттеріне әңгіме, дәріс, ақпараттармен таныстыру минуттарын жариялау.	Жыл ішінде	1-11 сынып жетекшілері	СӨС бойынша ақпараттық сұрақтар
7.	Тандаулы күндер және батырлардың жүлделі орындары үшін жарыстар ұйымдастыру	Жыл бойы	Муханова Ж.Н, Татымбетов Д.С	СӨС насихаттау
8.	Мектеп каникулында спорттық іс-шаралар өткізу	Күнтізбелік жоспар бойынша	Муханова Ж.Н, Татымбетов Д.С сынып жетекшілер	Спорттық-сауық жарыстарын ұйымдастыруға тарту
9.	Басқа мектептің командаларымен жолдастық кездесу ұйымдастыру	Күнтізбелік жоспар бойынша	Муханова Ж.Н, Татымбетов Д.С	СӨС насихаттау
10.	Жарыстар ұйымдастыруға бағыттау	Жыл бойы	Муханова Ж.Н, Татымбетов Д.С	СӨС насихаттау
11.	Мұғалімдер арасында спорттың әр түрінен жарыс ұйымдастыру	Жыл ішінде	Муханова Ж.Н, Татымбетов Д.С	СӨС насихаттау

1.4.4. СӨС насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1.	СӨС бойынша тілдесу сағаттарын өткізу	Жыл ішінде	1-11 сынып жетекшілері	Ақпаратты меңгеру
2.	«Әкем, анам және мен – спорттық жанұя» тақырыбындағы отбасылық спорттық ойын	Сәуір	1-11 сынып жетекшілері	СӨС насихаттау
3.	Нарколог, дермотолог мамандарының қатысуымен ата-аналар жиналысы	Жыл ішінде	Медбике	СӨС сұрақтары бойынша мәлімет беру
4.	Құқық қорғау ұйымдарының қызметкерлерімен кездесу	Жыл ішінде	Сабирова С.С 1-11 сынып жетекшілері	Зиянды заттардың алдын-алу ескертпелері бойынша ақпарат

			беру
--	--	--	------

1.5. Оқу-тәрбие үдерісінде қауіпсіздік ережелерімен қамтамасыз ету

Мақсаты: Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау және еңбекті қорғау

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1	2	3	4	5
1	ҚЕ бойынша бақылауға жауапты тұлғаны бекіту	Қыркүйек	Жунусова Д.М.	Бұйрық
2	Өртке қарсы құрал жабдықтармен қамтамасыз ету	қыркүйек		Өртке қарсы құралдар
3	Мектептің санитар-гигиеналық талаптарына бақылауды жүргізу	Тамыз, ақпан	Жунусова Д.М.	Санитарлық - гигиениеналық талаптарды орындау
4	Мектеп ғимаратындағы ҚЕ жағдайын тексеру	Тамыз, ақпан	Садықов Б.С	Мектеп ішінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
5	Кабинеттерде ҚЕ бойынша бұрыштардың болуын тексеру	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, кабинет меңгерушілері	Стендтар
6	Кабинеттерде ҚЕ бойынша папка қалыптастыру	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, кабинет меңгерушілері	Нормативтік құжаттар
7	ҚЕ сақталуына бақылау жүргізу	қыркүйек	Садықов Б.С	ОТУ қауіпсіз өткізілуі
8	Оқушылармен жолда жүру ережелері бойынша оқытуды ұйымдастыру	үнемі	Сынып жетекшілер	Сабақты сапалы жоспарлап өткізу
9	Оқушыларды өртке қарсы қауіпсіздікке оқыту	үнемі	Сынып жетекшілер	Оқушылардың өрт қауіпсіздігін білуі
10	Сабақ өткізу барысында уақытылы ҚЕ бойынша нұсқаулық жүргізу	үнемі	Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер	Сабақта ҚЕ сақтау
11	Жол қозғалысы қауіпсіздігінің күнін өткізу	Сәуір	Сынып жетекшілер	ЖЖЕ бойынша тәжірибешілік сабақ
12	Мектепте жарық пен жылу режимінің сақталуын қамтамасыз ету	Үнемі	Жунусова Д.М. Кендирбаева Д.Б.	ОТУ талаптарын құру
13	Оқушылар мен мектеп ұжымын жаңа жылдық мереке өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерімен таныстыру	Желтоқсан	Садықов Б.С	Жаңа жыл кештерінде өрт ҚЕ сақтау
14	Мектеп ғимаратының, жиһаздарды таңбалаудың санитарлық жағдайын тексеру	Тамыз, ақпан	Кендирбаева Д.Б.	Кабинеттің тазалық жағдайы
15	Мектеп жұмысшыларын ҚЕ, өрт ҚЕ, денсаулық, еңбек және жеке мүлікті сақтау бойынша нұсқаулық жүргізу.	Жылына 1 рет	Садықов Б.С	Мектеп қызметкерлерінің ҚЕ сақтауы
16	Жауапты тұлға мен кабинет	Мамыр	Мектеп әкімшілігі,	Ақпарат

менгерушілерінің еңбекті қорғау мен ҚЕ орындауы бойынша қорытынды шығару	сынып жетекшілер, кабинет менгерушілері
--	---

1.6. Мектептегі жалпы оқу орындалуы бойынша қызметті ұйымдастыру

Мақсат: Мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамту

Міндеті: Қамқорлыққа мұқтаж, жетім балаларға, аз қамтылған отбасы балаларына қолдан келгенше көмек көрсету.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1	2	3	4	5
1.	Мектептің «2022-2023 оқу жылында балалар мен жасөспірімдерді оқумен қамту бойынша іс шаралардың ұйымдастырылуы» бұйрығын шығару	тамыз 2022ж.	Жунусова Д.М.	Педагогикалық ұжымды ақпараттандыру
2	Мектеп аумағындағы үйлерді аралап шығуға бекітілген жауапты қызметкерді тағайындау	1.08.2022ж	Жунусова Д.М.	Оқумен толық қамтылу
3	0-ден 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді есепке алу тізімін өткізу	15 тамыз 2022 ж	Жекенова М.К.	Сапалық тізім құру
4	24 кестемен папкаға 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар мәліметтерінің электронды базасын дайындау, Жалаулы ауылдық округі әкімінің қолымен қағаз түрінде, жас ерекшелігі, оқу орны бойынша талдау.	10.09.2022ж	Жекенова М.К	Жасалған сапалық тізімге жас ерекшелігіне сай талдау жасау
5.	2022-2023 оқу жылындағы оқушылар туралы мәліметтердің электронды базасын дайындау	10.09.2022ж.	Жекенова М.К	Құралған тізімнің сапасы
5	9 және 11 сыныпты бітірушілерді жұмысқа орналастыру есебін дайындау	5 қыркүйекке дейін	Жекенова М.К	Мектеп бітірушілердің 100% жұмысқа орналасуын растау
6	Мектепте оқитын балалардың тізімін жасау	5 қыркүйекке дейін	Бөлімшелерге бекітілген мұғалімдер	Сапалық тізімнің құрылуы
7	Жалпы оқу айлығы барысындағы өткізілген рейд бойынша аптаның әр сейсенбісі күндері есеп дайындау	21.08.2022 28.08.2022 04.09.2022 11.09.2022	Жекенова М.К	Сапалық есептің мазмұны
8	«Мектепке жол» акциясының өткізілуіне есеп дайындау	28.09.2022	Жекенова М.К	Сапалық есептің мазмұны
9	«Мектепке жол» акциясының өткізілу қорытындысы бойынша альбом дайындау	29.09.2022	Жекенова М.К	Сапалық альбомның мазмұны
10	Көмекке аса мұқтаж оқушыларға	Айлық	Акбасова Т.А	Материалдық

	материалдық көмек көрсету	ішінде		көмекке мұқтаж балаларды қажеттіліктерімен қанағаттандыру
11	Ыстық тамақты ұйымдастыру	Үнемі	Жунусова Д.М Жекенова М.К	Бастауыш сынып, аз қамтылған балалар, көп балалы отбасы балалары, тубвиражды балаларды 100% ыстық тамақпен қамту.
12	Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуын бақылау бойынша жұмысты жалғастыру.	Үнемі	Досмағамбетова А.К	100% сабаққа келушілер
13	Құқықбұзушылық ескертпелері бойынша мектеп инспекторымен бірлесіп жұмыс жасауды жалғастыру.	Үнемі	Сабирова С.С, сынып жетекшілер	Құқықбұзушылықта н шығару, қараусыздық, қаңғырушылықты арылту
14	Жалпы оқу папкасын дайындау (келісілген әдістемелік шешімдер)	17.09.2022ж	Жунусова Д.М	Папканың сапалық мазмұны
15	Жалпы оқу айлығының өткізілуі бойынша қорытынды аналитикалық анықтама дайындау.	17.09.2022ж	Жунусова Д.М	Анықтаманың сапалық мазмұны
16	Айлықтың қорытындысын директор алдындағы кеңесте талқылау	19.09. 2022 г.	Жунусова Д.М	

II бөлім.

Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін көтеру, аттестация, мектептік әдістемелік жұмысы, мектептің инновациялық қызметі.

- 2.1. Біліктілік көтеру.
- 2.2. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау.
- 2.3 Мектептің инновациялық қызметі
- 2.4. Мектептің әдістемелік жұмысы
- 2.5. Әдістемелік кеңестер, семинарлар
- 2.6. Әдістемелік бірлестіктермен жұмыс.
- 2.7. Педагогикалық қызметкерлерді диагностикалау.

2.1. Біліктілік көтеру.

Мақсаты : Педагог қызметкерлерінің кәсіби шеберлік деңгейін көтеру.

Міндеттер:

1. Табысқа жетуде үлгілеу уәждерін, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану әдістерін жетілдіру;
2. Жоғары интеллектуалдық қабілеті бар оқушылармен жұмыс жүйесін жүргізу;
3. Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату бойынша жұмысты жалғастыру
4. Педагогикалық ұжымның даму жүйесі мен мониторингін жетілдіру
5. Жұмыста мұғалімге көмек көрсету үшін әдістемелік кабинеттерді қажетті ақпараттық материалдармен толықтыру.
- 6.

№	Мазмұны	Мерзімі	Нысаны мен әдісі	Жауапты	Аяқталу түрі
1	Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспарын құру	қыркүйек		Кусаинова Д.К	Курстық дайындыққа перспективалық жоспар
2	Мектеп басшысы мен мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарына қатыстыру	Жыл ішінде	Біліктілікті көтеру курсы	Мектеп әкімшілігі	Курстық дайындыққа перспективалық жоспар
3	Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді ауданда ұйымдастырылатын тақырыптық кеңес, әдістемелік семинарлар, конференцияларға қатыстыру	Жыл бойы		Кусаинова Д.К	
4	Шығармашылық жұмыс істейтін мұғалімдермен тәжірибе алмасу	Жыл бойы	ӘБ отырысы	Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	
5	Озық педагогикалық тәжірибені мектеп тәжірибесіне енгізу	Жыл бойы		Кусаинова Д.К. ӘБ жетекшілері	ПОТматериалдары

6	Сабақтарға бір-бірімен алмасып қатысу	Жыл бойы		Кусаинова Д.К ӘБ жетекшілері	Сабақ талдауы
7	Интербелсенді тақтамен жұмыс бойынша семинар ұйымдастыру мен өткізу	Жыл бойы		Кусаинова Д.К	
8	Оқу-дамытушылық семинарларын өткізу	Жыл бойы		Кусаинова Д.К . ӘБ жетекшілері	
9	Мұғалімдердің желілік қауымдастығының қызметін ұйымдастыру	Оқу жылы бойы	Коучинг, Менторинг, Зерттеу жұмыстары, LessonStudy	Жекина Г.К Сертификатталған мұғалімдер	Мұғалімдердің өзара әрекеттері
9	Сертификатталған мұғалімдердің есебі	сәуір-мамыр	есептер	Сертификатталған мұғалімдер	Аналитикалық материал

2.2. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау

Мақсаты: Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін жағдай туғызу және кәсіби құзыреттілік деңгейіне сәйкестігін анықтау

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1	Аттестатталатын педагог қызметкерлердің тізімін бекіту	Тамыз-қыркүйек	Муханова Ш.К	аттестатталатын мұғалімдердің тізімі
2	Бұйрықтар шығару: - мектептің аттестациялық комиссия құрамы туралы; - сараптамалық топ құру туралы; - біліктілік санатына педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау туралы.	Тамыз-қыркүйек, желтоқсан, маусым	Жунусова Д.М	Бұйрықтар
3	Аттестациялық комиссияның құжаттарды олардың талаптарға сәйкестігін қарау	қыркүйек	Аттестация комиссиясы	аттестатталатын мұғалімдердің тізімі
4	Аттестациялық комиссия мен сараптамалық топ құрамын оқыту мен міндеттерді бөлу	қыркүйек	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	Бұйрықтар
5	Педагогтерді аттестаттау бағдарламасын бекіту (өтініш берілген санатына сәйкес әр педагог үшін жеке)	қыркүйек	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	
6	Мектептің педагогтері үшін аттестатталатын мұғалімдер жеке жұмыс тәжірибесін ұсынатын ашық іс-шаралар өткізу	Кесте бойынша	Аттестатталатын педагогтер	Сараптамалық қорытынды материалдар
7	Аттестатталушының қызмет нәтижесінің жүйелілігі және оны таратылуы .	Қазан, мамыр	Муханова Ш.К	педагогтердің портфолиосын толтыру

8	Сараптамалық нәтиже бойынша құжаттарды дайындау	Қараша, маусым	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	Жиынтық портфолиосын құрастыру
9	Өтініш берген санатына сәйкестігін (сәйкес емес) көрсете отырып сараптамалық қорытынды жасау	Желтоқсан, маусым	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	Мұғалім жұмысына пікір
10	Аттестатталушыны сараптамалық топтың қорытындысымен таныстыру	Қараша, мамыр	Кусаинова Д.К	
11	Аттестатталушы мұғалімдердің портфолиосын әзірлеу	Қазан, мамыр	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	портфолио
12	Аттестация өту сұрақтар бойынша аналитикалық материал дайындау	Сәуір	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	Аттестация материалдары
13	Аттестациялық комиссияның жұмыс қорытындысы	Қаңтар мамыр	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	анықтама
14	Аттестация қорытындысы бойынша бұйрықтар шығару	Желтоқсан, шілде	Жунусова Д.М	бұйрық
15	Аттестация өту үшін өтініштер қабылдау	Тамыз, қаңтар	Кусаинова Д.К Муханова Ш.К	Аттестатталатын мұғалімдер

2.3. Мектептің инновациялық қызметі

Мектептегі инновациялық қызмет, оқушыларды дифференциалды оқыту, бейінді және бейіналды дайындықты ұйымдастыру

Мақсаты: Оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық дамуына бағытталған мектептегі инновациялық қызметті ұйымдастыру және даму үшін үйлесімді жағдайлар енгізу

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1.	Дифференциалды және жекелей оқытудағы қабілеттілікті оқу-тәрбие үрдісінде үйлесімді жоспарлар ұйымдастыру	қыркүйек	Кусаинова Д.К. ӘБ жетекшілері	Инновациялық үрдісте барлық қатысушыларды ӘБ жұмысымен келісім бойынша қамту
